тері талданды. Тарихи-мәдени реконструкция әдісі бойынша үңгірлік культтердің шығу тегі, эволюциясы, исламға дейінгі және исламдық дәуірдегі рөлі олардың қастерлі кеңістік сипатында қалыптасу кезеңдері жүйеленді. Кейбір зияраттық нысандарға әсіресе Укаша ата тұлғасына, мазарына аналогиялық салыстырмалы талдау жүргізілді, онда Укаша атаға ұқсас басқа да тұлғалармен символикалық түрде ұқсастырылып, талданды.

Жалпы алғанда әдіснамалық негіз үңгірлік культтердің мәнін тек тарихи дерек емес адам санасындағы архетип пен діни тәжірибенің әрекеттегі элементі ретінде ашуға бағытталды.

Нәтижелер және талқылау

Ақмешіт ата үңгірінің символикалық, феноменологиялық сипаттамасы

Үңгір мотиві түркі халықтарының мәдениетінде, сенім жүйесінде айрықша көрініс тапқан. Ежелгі түркілердің наным-сеніміне сәйкес, үңгірлер ата-бабалардың рухтарымен байланысты болған, яғни дүниеден өткен адамдардың рухтары үңгірден мекен табады деген түсінік қалыптасқан. Көне эпостарда, дастандарда, ертегі, аңыздарда, мәселен, «Қорқыт ата» кітабында, «Көрұғлы» жырында үңгірлер екі дүниені байланыстыратын, құпияға толы, қаһарманға күш, даналық, қару беретін немесе таңғажайып тіршілік иелері (дию, жын, пері т.б.) жайлаған орындар ретінде сипатталады. Зерттеулерде жабық жер асты мекендері, тау қойнауы мен жартастардағы үңгірлер түркі мифологиясында жаңа өмір, жаңа бастауды білдіретіні көрсетілген (Османова, 2021). Архаикалық инициация ритуалы үңгір ішінде атқарылған. Рухтармен тілдесу, тылсым әлемге саяхат осында жүзеге асырылған.

Қазақстанның барлық аймақтарында дерлік табиғи үңгірлер кездеседі. Олардың саны қазіргі кезде 30-дан асатыны белгілі болып отыр. Түркістан өңіріндегі Ақмешіт ата және Жылаған ата үңгірі мемлекет қорғауына алынған. Ақмешіт ата үңгірі Түркістан облысы Бәйдібек ауданында орналасқан. Ол әктасты тау жыныстары қабаттында түзілген ойық жарқабақ үңгір. Ақмешіт үңгірін феноменологиялық тұрғыдан талдасақ, оны «жарық пен қараңғы символизмі» ретінде қарастырамыз. Аңыздарда Ақмешіт ата жер астында зікір салып, рухани тазарғаны айтылады. Халық арасында үңгірді даналыққа апарар жолдың метафорасы ретінде қарайды. Себебі үңгірге келген зияратшылар оның өзгешелігін,

киелі сипатын бірден аңғара түседі. Дін феноменологиясында киелілік – профанды, яғни дүниелік, тұрмыстық, күнделікті болмысқа қарама-қарсы ұғым (Широков, 2022). М. Элиаденің пікірі бойынша, киелі құбылыстар иләһи, діни, рухани, бұл дүниеден тыс, иррационалды, мистикалық мәнді еншілейді. Киенің көрініс беру құбылысын М.Элиаде «иерофания» терминімен сипаттауды ұсынады: «Киелі тастар немесе ағаштардың табиғи сипаты елеусіз қалады, олар тек иерофания болғаны үшін ғана қастерленеді. Олар жай ғана минерал немесе өсімдік емес, одан «мүлде өзге», оның ар жағындағы қасиетін «айқындап», көрсетіп тұрады» (Элиаде, 1996, 140 б.). Феноменологиялық тұрғыдан алғанда, Ақмешіт ата үңгірі де «мүлдем өзге» қасиетке тән барлық белгілерге ие.

Зерттеушілер киелі болмыс пен кеңістіктің адамның сезімдік тәжірибесімен және иррационалдық күйзелістерімен де бірдей байланыста болатынына назар аударады. Р.Гонсалес сезімдік қабылдау арқылы кие, күдіретті тәжірибе жүзінде бастан өткерудің төрт негізгі тәсілін көрсеткен: көру, есту, иіс сезу және сипап сезу. Ақмешіт ата үңгіріне келушілер үңгірдің сыртқы әлем заңдылықтарына бағынбайтын, таңғалдыратын көріністе екенін алға тартады. Үңгір ішінің киіз үй тәріздес кеңістігі, жартасты жакпарлары, төрт маусымнан тәуелсіз тұрақты қалпы «сакралды шегіну» сезімін тудырады. Адамның көзіне олардың ішкі әлемі күтпеген қиял-ғажайып көріністер ашылады. Үңгірдің пішініне сай ішіндегі дыбыстар да құлаққа әдеттегіден тыс, тосын естіледі. Адам бойындағы толқу мен тебіреністі төбеден бірнеше жерден үздіксіз ағып тұрған тамшылар тырсылы одан сайын күшейте түседі. Бұған қоса, тілдесу кезінде шығаратын дауыстың өзі жер бетіндегіден бөлек, үрей мен әуестікке жетелейтіндей әсерге бөлейді. Ауа температурасының қысы-жазы 18-20 градус жылылықтан айнымауы әрі жанға тыныштық сипайтын атмосферасы оның киелілігін нақтылай түседі. Т.Н. Дмитриева үңгірге бару адамдардың бойында қуатты эмоциялық кешен туғызады деген пікір айтады (Дмитриева, 1997). Таңғалу, шаттану, үрейлену, қызығу т.б. сезімдер мен эмоциялар шоғыры психотерапия түрінде стресс, депрессия, невроздан арылтатын әлеуетке ие. Этнограф ғалым А.Сейдімбеков қазақ жеріндегі үңгірлерге қатысты мақаласында «спелеотерапия» жайлы яғни сырқат, науқастарды үңгірге әкеліп емдеу тәсілін сипаттап өтеді (Сейдімбеков, 1981). Ақмешіт үңгіріне келушілердің арасында перзент тілеу, дертіне шипа

табу мақсатында түнейтіндердің кездесуі де осы пікірге дәлел бола алады.

Ақмешіт үңгіріне қатысты аңыздардың семиотикалық құрылымын, олардың діни-идеялық мазмұнын герменевтикалық тәсіл арқылы анықтағанда, келесідей нәтижелерге қол жеткіздік: Ақмешіт үңгіріне қатысты ел аузында айтылып келе жатқан бірнеше аңыз бар. Оның алып әрі ойық жарқабақ сипатын «бір кездері бұл үңгірді айдаһар мекен еткен» деген әпсанамен түсіндіреді. Сондықтан кейде «Айдаһар үңгірі» деп те аталады. Айдаһар елге шауып, мал-жанын жиі-жиі жеп кететіндіктен, Сүлеймен пайғамбар оны осы үңгірдің ішіне шынжырлап байлап тастаған. Тағы бір аңызға сәйкес, бұл үңгірдің ішінде бір әулие кісі отбасымен өмір сүрген. Үңгірге сатымен түсіп, көтеріліп жүрген. Оны маңайындағы ел «Ақмешіт әулие» деп атап құрмет тұтқан. Халық арасында кең таралған тағы бір аңыз бойынша, жаугершілік жылдары Есіркеп Қойгелді батыр әскерімен осы үңгірге келіп паналаған. Түні бойы шелектеп жауған жаңбырдан қорғанып, таң намазын осында оқиды. Серіктерінің бірі үңгірді Есіркеп не Қойгелді деп атау туралы ұсыныс айтқанда, батыр онымен келіспейді. «Бұл үңгірдің ерекше қасиеті бар екен. Бізді панасына алып, жаудан да, жаңбырдан да сақтап қалды. Әрі осы жерде құлшылығымызды да өтедік. Санымыз он мың болса да, түгел сыйып кеттік. Ішіндегі аппақ тастары жарқырап, көңілді өзгеше күйге бөледі. Үңгір киелі жер екен, сондықтан Ақмешіт деп атайық» дейді (Түркістан, 2019, 30-31 бб.). Келтірілген үш нұсқаны да бір-бірімен ортақтастыратын түсінік – үңгірдің басқа әлемнен өзгешелігі, киелі сипаты.

Салыстырмалы-дінтанулық жағынан талдайтын болсақ, ежелгі түркілердің нанымдарында тау – культтік мәнге ие қасиетті мекен, ол дәстүрлі салттар мен әлеуметтік өмірді қалыптастыруда маңызды рөл атқарған. Тауларда сарқыраған өзендер, бастау-бұлақтар мен өзен көздері орналасады. Су – материалдық әрі рухани өмірдің бастауы, сондықтан киелі деп есептеледі. Осы тұрғыдан алғанда, Ақмешіт үңгірінде таудан саркылдап ағып жатқан бұлақты көруге болады. Сол секілді Ақмешіт ата үңгіріндегі бұлақ қасиетті болып келеді.

Сонымен қатар үңгір ежелгі түркілерде құдай жолына бет бұрған тұлғалар үшін толғаныс жасайтын орын ретінде қарастырылады. Мысалы, Анадолы әулиелерінің бірі Хүсейін Ғазы, халықтың сенімі бойынша, Анкараның Мамақ өңірінде өмір сүрген мистикалық тұлға. Оның атымен байланысты тау мен көрнекті мазары бар, сон-

дай-ақ қасиетті болмысына қатысты аңыздар да кең тараған. Аңыздардағы су метафорасы да тау культімен тығыз диалектикалық байланыста көрініп, Хүсейін Ғазының қасиеттілігімен сабақтасады. Осы тұрғыдан алғанда, мұндай әңгімелер қасиетті тау мен үңгір метафорасы аясында жер атауларының қалыптасуына, сондай-ақ «қасиетті су» түсінігі арқылы су көздерінің шығу тегіне қатысты мәліметтер береді (Акуйз, 2017).

Тарихи-мәдени реконструкция әдісіне келетін болсақ, Ақмешіт үңгірінің пайда болуын исламға дейінгі киелі кеңістікке жатқызуға болады. Себебі ол мыңдаған жылдар бұрынғы энеолит дәуіріне жатады (Түркістан, 2019). Аңыздарға қарағанда, мұнда исламға дейінгі көне заманда айдаһар тіршілік еткен. Сонымен қатар көне дәуірлерден бері тәу ету, рәсім-жоралғы өткізу үрдісі еш үзілмеген. Халық аңыз-әпсаналарында үңгірдің осы сипатына көбірек басымдық берілген. Баласы жоқ жандардың перзент тілеп келіп, мақсат-мұратына жеткендері жайлы да айтылады. Мұнда ем алу, шипа табу мақсатымен келушілер санының да көп болуын мыңдаған жылдар бұрынғы геологиялық түзілімдердің әсерінен іштегі атмосферасының денсаулыққа пайдалы қалыпқа енгендігінен деп бағамдауға болады. Үңгірге қатысты ауызша және жазбаша мәліметтер, ғылыми тәжірибелер оның діни-мифологиялық тұрғыдан да, геологиялық және медициналық тұрғыдан да маңызы жоғары екенін дәлелдейді.

Жылаған ата: табиғи феноменді сакрализациялау

Түркістан қаласының солтүстік-батысында, Бабайқорған ауыл әкімшілігіне қарасты Қаратау бөктерінде, теңіз деңгейінен 1300 метр биіктікте I-V ғасырларға тән құдық, бұлақ және үңгір бар. Ол Түркістан қаласынан 120-130 шақырымдай қашықтықта орын тепкен. Бұл жер «Жылаған ата әулие» деп аталады. Әулиенің басына баратын жол Қарнақ ауылынан өтіп, батысқа қарай созылып жатыр. Үңгір суы бар терең ойпаттан тұрады. Ол аузы кішкентай өзеннен 10 метр биікте орналасқан. Үңгірдің құпиясы әлі күнге дейін ғылыми тұрғыда зерттелмеген. Үңгірден әрқилы уақытта су атқылап шығады да тез тоқтайды. Кіреберісінде жалаңаяқ баланың іздері тасқа басылып қалған. Ел аузындағы әңгімеге сәйкес, үңгірден құран оқыған кезде су шығады екен. Ел сенімінде «Егер үңгірден су ақса тілек қабыл болды» деген түсінік бар.

Үңгір, сырт қарағанда, кәдімгі сарқырамаға ұқсайды. Бірақ сарқырамадан үнемі су ағып тұрса, «Жылаған атадан» су басына барып құран

оқыған кезде ғана ағады. Онда да бәріне бірдей аға бермейді. Оның себебін ақсақалдар «Ниеті таза адамдарға су ағады, теріс пиғылды кісіге ақпайды» деп түсіндіреді. Үңгірдің аузының ені 8-9 метр, биіктігі 3-4 метр, тереңдігі 50-60 метр шамасында. Шатқалдан төмен түскенде өзеннің сол жағалауында биіктігі 10-14 метр жартаста диаметрі 0,15-0,18 метр келетін қуыс көрінеді. Үңгірге қарама-қарсы бетте иіліп тұрған үлкен тас бар. Қырынан қарағанда ол тас адам кейіпіне ұқсайды. Оны халық «Кемпір» деп атайды. Адам кейпіндегі сол тастың бетінен су тершіп, тамып тұрады. Оны «Жылаған атаның анасының көз жасы» немесе «Шаш ананың жылап тұрған көз жасы» деп атап тәу етеді. Одан арғы үлкен үңгір «Жылаған атаның отырған, жатқан мекені». Осы тастың қасындағы сазбалшықтан барған адамдар алады. Бірақ сыртқа шыққанша қатып қалады. Бұны жұрт әулиенің кереметіне балайды. Үңгірден шыққандар «Жылаған атаның» суына шомылуы керек. Үңгірге жақын жарқабақтағы қуыстан анда-санда ағатын су қанша аяз болса да қыста ақпайды. Жылаған атаның мекені шыққан жері, мес түскен жер «Мес әулие» аталады. Ол жерді де жергілікті халық «киелі жер» деп санайды. Белгілі бір уақыт көлемінде ғана сыртқа шығатын судың құпиясы беймәлім. Тау ішінің терең шатқалының бір биігіне орнатылған сағанасына жету өте қиын. Басына ешбір көлік бара алмайды. Тек жаяу, жалғызаяқ тар соқпақпен, бұта-қарағанның арасымен жүріп бару қажет. Оған сүрлеу жолдың тауқыметін тартып, әбден қиналып жол азабын көріп, ауырлыққа шыдағандар ғана жетеді. Қариялар ұзын-сонар жолдың қиындығын сезіп, жыланып барғандардың тілегін әулие әруағы қабыл етіп, мақсат-мұратына жеткізетінін, келушілер алдымен ата-ана әулиеге зиярат етіп, содан соң Жылаған атаға баруы шарт екенін айтады (Тәжиев, 2011).

Жылаған ата туралы аңыздың үш нұсқасы бар. Жиі айтылатын нұсқада өрілген қысқаша оқиға желісі мынадай. «Ертеде Түркістан өңірінде Майдантал ауылында Гүрзіхан мен Шаш ана деген ерлі-зайыпты кісілер өмір сүріпті. Олар орта жасқа келгенше перзент көрмей, қатты зарығыпты. Бүкіл әулие-әмбиелердің басына түнеп, Құдайдан бала тілепті. Созақтағы Бабатаға келіп түнегенде түсінде бір ақсақал көп ұзамай балалы болатынын айтып аян береді. Көп ұзамай Шаш ана көтереді. Айы-күні жетіп босанады. Бірақ дүниеге домалақ меске ұқсайтын, басы мен аяқ-қолы жоқ бір сәби әкеледі. Екеуі елдің көзіне түсуден ұялып, таудың ішіне жырақтап кетеді. Бірнеше жыл бойы мес баланы қолдарынан

түсірмей көтеріп жүреді. Бір күні Шаш ана тасқа сүрініп құлап қалады. Сол кезде Гүржіхан қатты налып, месті жерге тастап жібереді. Мес жарылып, ішінен бір бала шығады да, қашқан бойы үңгірге кіріп кетеді. Екеуі соңынан тұра ұмтылады, бірақ жете алмайды. Сөйтіп, қанша уақыт бойы күзетіп, жалбарынып шақырса да, бала келмей қояды. Осында Гүржіхан ата мен Шаш ана ағыл-тегіл жылап, өмірлерінің соңына дейін қалады. Олардың жастары жартастан сорғалап ағып тұратын болған. Содан бұл үңгір «Жылаған ата үңгірі» деп аталып кеткен екен». Аңыз оқиғасы ежелгі түркі батыры Алып Ер Тоңғаның дүниеге келуі туралы парсы әпсанасына ұқсайды. «Түркі патшасы жас кезінде бір қызға қатты ғашық болады. Бірақ әкесі оған үйленуіне рұқсат бермейді. Сонда да баласы әкесінің батасын алмай, сүйгенін үйіне алып келеді. Біраз уақыттан кейін ханым босанып, сәби емес, қанға толы мес туады. Кіндік шешесі қапты пышақтың ұшымен тескенде қолдары шынтағына дейін қанға боялған нәресте шыға келеді. Баланы арықтың ішіне салғанда ағыс күшейіп, оны алып кетеді. Кейін әке-шешесі тауып әкеліп, балаға Афрасияб деп ат қояды» (Тәжиев, 2011, 278 б.). Мұндай ұқсастық аңыздардағы ұқсас мотивтерді аналогиялық талдау бойынша анықтауға болатынын білдіреді. Мифологияда көшпелі мотивтер ғылыми зерттеулер нысанына айналып, халықтардың ежелгі кезден бері дүниетанымының, сана-сезімінің, менталитетінің, наным-сенімдерінің көшпелі кейіпте бір-біріне өткенін, бейімделгенін айғақтап отыр.

Жылаған ата үңгірі маңынан шығатын дыбысты халық мұң, тәубе, рухтар үні сипатында түсіндіреді. Үңгір мен құдықтың маңы және осыған қатысты хикаялар адамның жан дүниесіне терең әсер етіп, мұңға батырады. Бір сәтке тарих тереңіне еніп, рухтармен сырласқандай сезімге бөленеді. Аумақтың топонимикалық көрінісі оны қалыпты тіршілік аясынан ерекшелейді. Бұл жердегі табиғи құбылыстар (судың ағуы, дыбыстардың шығуы, ауа райының құбылуы, ағаш, тас, шөптерден су тамшылауы) мәдени-діни мағына иеленіп, киелі мәтінге айналған. Аңыздың бірнеше нұсқасының қатар өмір сүруі оның бұрыннан агиографиялық сипат иеленгенін дәлелдейді. Ауызша және жазбаша дүниелерді тереңірек зерделеп, Түркістан өңірінің ескі тарихы, халықтың байырғы дүниетанымы, діни және тарихи тұлғалар, жер-су атаулары туралы құнды мәліметтер алуға мүмкіндік бар. Феноменологиялық талдау негізінде, Жылаған ата үңгірін «дыбыстық феномен» немесе «күнә-

дан тазару мекені» ретінде қарастыруға болады. Жылаған ата үңгіріне барған зияратшылар феноменологиялық қорқыныш пен таңданыстың бірігуін сезеді.

Жылаған ата үңгірі бүгінде зияратшылар мен туристердің жан-жақтан ағылып келіп, бас қосатын орнына айналғандықтан, бұл жерді тарихи-мәдени тұрғыдан реконструкциялап, халық санасындағы және бүгінгі күндегі рухани қызметтерін белгілеудің және жүзеге асырудың маңызы зор.

Ислам дінінің келуімен байланысты мекендердің социо-психологиялық функциялары: Укаша ата құдығы мен Қылуат жерасты орны

Укаша ата кесенесін феноменологиялық тұрғыдан талдасақ, «киелі кеңістік», «киелі адам» категориялары бойынша қарастыратын боламыз. Укаша ата Мұхаммед пайғамбарымыздың сахабасы. Жалпы, Мұхаммед пайғамбардың сахабаларына арналған ғибадат орындары қасиетті орындар арасында ерекше орын алады, себебі олар оның жеке басына табынуымен байланысты болды. Олардың арасында Кусам ибн Аббас, Укаш ибн Михсан, Саид ибн Әбу Уаққас және басқалары да бар.

Қоғамда әулиелерге сенім бірқатар факторлармен байланысты. Кейбір мұсылмандар киелі адамдар иеленген, олардың қабірлеріне берілетін берекенің қуатты күшіне сенеді. Әулиелер арқылы береке қарапайым адамдарға берілуі мүмкін деген сенім бар. Зиярат талаптары күрделі және қарама-қайшы мотивациялар мен сенімдер жиынтығын қамтиды. Зияратшылар әулиенің қорғауына үміттеніп, оған дұға етуге келеді, ол кейбіреулері әулиенің көмегімен аурудан айығуға сенеді. Зияратшылар тілек тілеп, дұға оқып, бұталар мен ағаштардың бұтақтарына мата шүберектерін байлайды (Muminov, 1996).

Көбінесе киелі орындарға аймақтық мәдени және экологиялық ерекшеліктеріне байланысты зиярат етеді. Солардың бірі Түркістан қаласынан 42 шақырым қашықтықта, Қаратау тауларының етегінде орналасқан Укаша ата мазары. Бұл күрделі мазар кешені, себебі оған кесене, мешіт, қасиетті құдық және тоғ мен оба қызметтерін біріктіретін діни ғимарат түріндегі киелі орын кіреді. Негізгі құрылым, кесене, тау тасынан салынған. Укаша ата жерленген жердің үстіндегі құлпытас Қазақстандағы ең үлкен құлпытастардың бірі. Құлпытаспен бірге оның ұзындығы 25 метрден асады. Укаша атаның мазары бірнеше рет қайта салынды. Кеңес дәуірінде, дінге қарсы күрес жүріп жатқан кезде киелі орын бірнеше рет қиратылған болатын. Соңғы рет 1986 жылы

дінге қарсы күрестің тағы бір науқанында барлық құрылыстар қиратылған еді. Кешен 1990 жылдардың басында қайта салынып, қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді (Маликов, 2015).

Барлық киелі жерлердің өзіндік ерекшеліктеріне орай, Укаша ата кесенесінің батыс жағында, 600 метр қашықтықта құдық орналасқан. Аңыз бойынша, мұндағы су Укаша ата қайтыс болған кезде пайда болған және ерекше емдік қасиеттерге ие. Құдық жер асты су жолдарымен Меккенің қасиетті суларымен байланысты деп есептеледі. Аңызға сәйкес, емдік суды тек таза жан иелері ғана жинай алады деседі. Зияратшылар әдетте Түркістанның киелі жерлеріне барғанда осындай сынақтардан өтеді. Тілек тілеп жатқанда, зияратшылар суды ішіп, обаға шүберек байлайды. Осындай рәсімдерді Орта Азияның басқа аймақтарында, тіпті төменгі Еділ аймақтарында да кездестіруге болады (Сызранов, 2012).

Укаша ата құдығын вертикальді ось ретінде қарастыруға болады. Яғни, құдық – вертикальді сакралды ось (axis mundi), онда үш әлемді айтуға болады: 1) жоғарғы әлем – аспан; 2) орта әлем – адам; 3) төменгі әлем – құдық түбі.

Үңгірлік культтерде вертикальдық символизм әлем құрылымының негізгі моделі ретінде қарастырылады. Оны Укаша атаның қабірі мен маңындағы құдықтан байқауға болады. Ол зияраттың жергілікті моделіне айналған.

Укаша ата жайлы аңыздардың семиотикалық құрылымын, олардың діни-идеялық мазмұнын герменевтикалық тәсіл арқылы қарастырсақ, ел аузындағы әулиеге қатысты оқиға жалаң айтылмай, нақты географиялық нысанмен байланыстырылады. Хикаятта Мұхаммед пайғамбардың сахабаларының бірі, әрі қорғаушысы болған, соңғы пайғамбардың жауырын тұсындағы мөрін сүйгеннен кейін, денесіне оқ дарымаған ешбір пенденің оғы өтпейді, қылышы кеспейтіндігі туралы баяндалады. Укаша ата тек таң намазын оқыған кезде қорғансыз қалады екен. Жаулары айлакерлікпен әйелінен сахабаның осал жерін біліп алыпты. Кәпірлер Укаша ата таң намазын оқып отырған кезде келіп басын қылышпен шауыпты. Жансыз бас 22 метр қырдың етегіне дейін домалап түскенде жер қақ айырылып құдық пайда болады. Соған түскен бас жер асты өзен арқылы ағып Мұхаммед пайғамбарға жетіпті. Зияратшыларға әулиенің шырақшылары Укаша атаның қабірінен төмендегі сол құдықты, атаның түйесінің ізі қалған тасты көрсетеді. Келушілер осы құдыққа кезекпен шелек салып су алуға әрекет етеді. Су біреулерге беріледі, біреулерге қанша мәрте

шелек салғанымен бір тамшы су ілінбейтіні бар. Мұны шелек тастап отырған адамның күнәсіне балап түсіндіреді» (Керім, Әлмұхаметов, 2021, 27 б.). Укаша ата туралы аңыздарда «азап шегуші құдай» туралы мотивтері бар, мысалы, Самарқанд қаласындағы Шахи Зинда киелі орнындағы Кусам ибн Аббастың тұлғасымен байланыстыруға болады (Саксанов, 1991).

Укаша ата кешенін салыстырмалы-дінтанулық талдау тұрғысынан қарастырғанда, зерттеуші А. Муминовтың айтуынша, алып қабірлер салу идеясы Оңтүстік Араб немесе Йемен дәстүрінен бастау алады, ол Қарахан дәуірінде (11-12 ғасырлар) Орталық Азияда салыстырмалы түрде кең таралған (Муминов, 1996). Ал зерттеуші Р. Мустафина ұзын қабірлер салуды жергілікті түркі дәстүрімен және алып әулиелер туралы аңыздармен байланыстырады (Мустафина, 1992). Укаша ата кесенесіндегідей ұзын құлпытастарды ертедегі ислам миссионерлері мен пайғамбарларының іс-әрекеттеріне немесе қабірлеріне жатқызуға болады. Оларды Орта Азияның басқа бөліктерінен де, мысалы, Самарқандта кездестіруге болады, онда Даниял пайғамбардың (Қожа Даниярдың) қабірі орналасқан, оның ұзындығы 18 метр (Маликов, 2007). Укаша ата киелі орнының атауы Түркияда Оңтүстік Шығыс Анадолыда Өккеш, Қырғызстанда Екеш ата түрінде белгілі болып отыр (Şengün, 2018). Орта Азияның басқа аймақтарында да кездеседі: Өзбекстанның Ташкент облысында және Ауғанстанның солтүстігінде, Балх аймағында. Балх аймағында Аккаши ибн Михсан әл-Асидің қабірінің үстіне кесене салынған. Кесененің жанында қасиетті көне шынар ағашы бар. Кесененің ішіндегі құлпытас Укаша атадан айырмашылығы қалыпты өлшемде. Қабірдің төрт бұрышында жарты ай пішінді қақпақтары бар төрт баған орналасқан. Мұнда қасиетті құдық жоқ, керісінше оба пішінді құрылым бар. Асылып тұрған жасыл жалауда «Қожа Аққошы Сахабаның мазары» деген жазу бар. Мазардың басында зияратшылардың тілектері жазылған үлкен кітап бар (Маликов, 2015). Ғалым Мұхаммед Салихходжи деректері бойынша, Укаша атаның зиярат ету орны Чорсудың оңтүстік-батысында, Ташкентте болған деседі. Аңыз бойынша, ол бұл жерге исламды тарату үшін келген. Ташкентте аялдаған кезде аяғының астынан бұлақ атқылаған (Султонов, 2009). Осылайша, Мұхаммед пайғамбардың серігі және сахабасы Укашаның культі Ауғанстанды қоса алғанда, Орталық Азияда кең таралған.

Тарихи-мәдени реконструкция әдісіне сәйкес, Укаша ата кешені ислам дінінің келуімен сипатталады. Себебі, Мұхаммед пайғамбардың сахабасы Укаша ибн Михсон (638 жылы қайтыс болған) Мұхаммед ибн Исмаил Бұхаридің «Хадис» кітабында аталған, яғни ол нақты тарихи тұлға болған. Ол арабтардың Бадду тайпасына жататын және ислам дінін таратуға үлкен үлес қосқан сахаба. Араб халифатында сол заманда сахабалар көптеген артықшылықтарға ие болған (Исламизация, 2013).

Қазіргі таңда сақталған ауызша дәстүрлер аймақтың ерекшелігі мен өзіндік сипатына байланысты белгілі бір айырмашылықтарға ие. Алайда Орталық Азиядағы бұл қастерлі мекендерді біріктіретін басты ортақ фактор – исламдағы құрбандық идеясы және қаза тапқан тұлғаның Мұхаммед пайғамбардың өз тарихымен байланыстырылуы саналады. Түркістан өңірінде киелі орынның қалыптасуы кездейсоқ құбылыс емес, ол тәу етуге байланысты құдыққа қатысты исламға дейінгі наным-сенімдер мен исламдық аңыз-әпсаналардың тоғысуының нәтижесінде пайда болған. Сонымен қатар, культтік-мемориалдық кешеннің қалыптасуында Қарнақ ауылында орналасқан ірі ортағасырлық діни орталықтың жақын маңда болуы да елеулі қызмет атқарған.

Қылует. Қылуетті зерттеуден бұрын, тағы да бір рет үңгір феноменіне шолып кетсек. Үңгірлердің адамның ішкі жан дүниесімен, көңіл-күйімен, мінез-кұлқымен параллельді аналогиялық көрінісі психоаналитикалық талдаулар мен түсіндірмелерге де арқау болған. Карл Густав Юнг архетиптер туралы еңбегінде жартаc, ағаш, бұлақ, әртүрлі ыдыстар мен гүлдермен (раушан, лотос) қатар үңгірді де ана архетипінің бір символы ретінде қарастырады (Юнг, 1996). Бұл тұрғыдан үңгір ана құрсағы моделін жасақтайтын рәміздік кеңістік. Аталмыш символдың функциясы қорғау, қамқорлық және қайта туу, жанару өзгеру (трансформация) үдерісі. Осы көзқарас негізінде К. Юнг: «үңгір – қайта туу орны, адам инкубацияға түсу, яғни ішкі жетілу мен жанаруды бастан кешіру үшін кіретін құпия әлем» деген анықтама береді (Юнг, 1996, 285 б.). Ол трансформация үдерісін түсіндірген кезде Құрандағы «Кәһф» («Үңгір») сүресінен мысал келтіре отырып, әрбір аятқа өзінше психологиялық интерпретация жасайды. Юнгтің ойынша, бұл сүре тұтастай алғанда қайта тірілу, жаңғыру мистериясын пайымдауға арналған. Сүреде баяндалған қиссаның негізгі мәні мынада: үңгірге – яғни әрбір адамның өз ішінде ор-

наласқан жасырын кеңістікке немесе сананың ар жағындағы түнекке енген әрбір жан бейсаналы сипатта өрбитін трансформация үдерісіне тартылады. Бейсаналы үдеріске ену арқылы адам өз түпсанасымен байланыс орнатады. Мұның нәтижесі тұлғаның жағымды немесе жағымсыз бағытта елеулі өзгеруіне әкелуі мүмкін. Патшаның қаһарынан қашып, үңгірге тығылған жеті кісі ұзақ ұйқы кезінде трансформация үдерісінен өтіп, мәңгі жас қалыпта қалады. Онда сипатталған қасиетті тұлғалардың тағдыры тыңдаушыны терең әсерге бөлейді, себебі бұл аңыз оның өз жан түкпірінде, түпсанасында жүріп жатқан ұқсас үдерістерді бейнелейді және сол арқылы түпсананың санамен қайтадан бірігуіне ықпал етеді (Юнг, 1996).

Үңгір мен оған ұқсас нысандар (жертөлелер, құдық, шұңқыр, жартаc қуыстары т.б.) символдар шоғыры кейпінде барлық діндер мен діни наным-сенімдерде дерлік ұшырасып отырады. Христиан дініне тән тау шіркеулері, жер асты құжыралар мен ислам дініндегі жер асты мешіттері, ғар (арабша غور – «шұңқырға түсу, бату») жер астына түсіп, оңаша құлшылық етудің терең мәнге ие екенін айғақтайды. Бұл адамның рухани жетілуге, толық тазаруға, кемелденуге деген қалау-ықыласын, оны тиімді жүзеге асыруды көздейтін ниетін білдіреді. Әсіресе исламдағы сопылық мектептерінен көбінесе жеке адамға қатысты діни ритуалдар мен тәжірибелердің жер асты орындарында (қылует, зауия, текке, ғар, шілдеханана) өткізілетіні және мұның белгілі бір уақытпен шектелетіні (40 күн) назар аударуға тұрарлық. Жоғарыда К.Г. Юнгтің үңгір символын тірек ете отырып, қайта жаңару үдерісін Қызыр тұлғасымен түсіндіру барысында оны негізінен ислам мистицизмімен сабақтастыратыны кездейсоқ емес (Юнг, 1996).

Тасаууф ілімінде кісінің рухани кемелденуі, нәпсінің теріс сипаттарынан арылуы, жан әлеміне үңілуі, қайта жанаруы, ішіндегі сырларды тануы, ғайып әлеміне жол ашуы үшін оңаша отырып құлшылық етуі, яғни қылуетке, шілдехананаға түсуі басты маңызға ие. Қазақстан аумағында ескі кезеңдерден қалған жер асты құлшылық орындары көптеп ұшырасады, әсіресе Түркістан өңірінде ең көнесі X-XII ғасырларға барып тірелетін қылуеттер, шілдеханалар жиі кездеседі. Түркістан, Отырар, Сайрам, Созақ, Сарыағаш, Шардара аудандарында тіркеуге алынған қылует, шілдеханалар XX ғасырдың 30 жылдарына дейін қызмет етіп, халықтың рухани сұранысын өтеп келді. Солардың ішіндегі бірегейі Түркістан қаласында орналасқан *Қылует* жер асты ме-

шіті. Бастапқыда он сегіз бөлмеден тұрған бұл жер асты мекені діни, рухани, мәдени қызмет атқарған кешен ретінде назар аудартады. Бұл жерде Қожа Ахмет Ясауи салдырған бір кісілік «Ғар» бөлмесімен бірге «Жамағатхана», «Мешіт» және «Құжыра» бөлмелері мен жуынатын, ас ішетін бөлмелер де орын алған. 1940 жылы май зауытының құрылысына пайдаланылады деген желеумен кірпіштері бұзып алынады. Бірақ скульптор А.Л. Шмидтің жанашырлығымен Қылуеттің папье-маше, қағаз бен саздан макеті жасалып қалдырылған (Қылует, 2009). Соның негізінде және археологиялық зерттеу жұмыстары нәтижесінде бұл кешен реконструкцияланып, толығымен қалпына келтірілген.

«Қылует» (арабша *خلوة* – «жалғыз қалу, оңашалану») «жүректі жансақ сенімдер мен теріс дағдылардан арылтуға» арналған жер. Түрік ғалымы Ф.Көпрүлү «Ясауи тариқатында «Қылуеттің» өзіндік маңызы мен әдебі бар. Қылуетке түсу кезінде шайтан мен нәпсіге бейім қалау, құмарлықтар мен ләззаттар жанып жоғалады. Сырттың қараңғылығынан адамның қайғы-мұңы жойылады, ішкі рухани дүниесі нұрланып тазарады және басқа да осындай нәрселерге қол жеткізе алады» дейді (Көпрүлү, 1999). Қылует қырық күнге созылады. Мұнда адам ұйқы мен тамақтан тыйылып, тәкбір, зікір (ара, алқа), кешірім дұғасын оқиды. Риязат (нәпсімен күресу), муракаба (өз-өзін бақылау), мухасаба (өзінен есеп алу), мужахада (кереметке куә болу) сияқты сопылық жолдың өзіне тән психотехникалары мен тәжірибелері жүзеге асырылады. 1914 жылы «Шура» журналында басылған бір мақалада «Әзірет Сұлтан» кесенесіне келуші сопылар жылда бір рет зұлхиджа айының алдында рәсімді түрде қылуетханаға кіреді. Соңғы жылдарға дейін бұл мақсатта бес-алты мың адам бас қосып жиналады деп жазылған (Қылует, 2009).

Қожа Ахмет Ясауидің немере інісі Мәулана Сафи уд-дин Орұң Қойлақы жазып қалдырған «Насапнама» шежіресінде Ахмет Ясауидің қарамағында елуден аса «Қылует» болғаны жазылған (Насапнама, 2022). Қожа Ахмет Ясауи жайлы аңыздарда да қылуетке түсуі жайлы баяндалады. «Қожа Ахмет Ясауи алпыс үш жасқа келген соң, «Пайғамбар жасына келдім, енді дүниенің дау-шарына араласқаным жөн болмас. Қалған ғұмырымды құлшылықпен өткізейін» деп қылуетке түсті. Мұны естіген жұрт: «Өзін қапасақа қамап не көрінген?» деп күңкілдеді. Бұл сөз медресеге енді келіп жатқан кейбір шәкірттеріне ауыр тиді. Мансұр есімді бір мүрид қылуетке барып:

- Тақсыр, адам бойы әрең сиятын қылуетке кіріптар боп, өзіңізді неге кинайсыз, кең дүние жетпеді ме? – деді. Әзірет Сұлтан үндемеді. Ымдап, қасына шақырды. Мансұр қылуетке кіріп еді, тар бөлме шексіз кең, жарық әлемге айналып шыға келді. Шәкірт таң қалып:

- Ұстаз-ау, сіз отырған жер дүниеден кең ғой, – деп таң қалды.

- Құдайдың кереметінде шек бар ма? Көкірегі кең адамға көр іші де кең болар, пейілі тар кісі үшін кең сарай тар қапасақа айналар, – депті». Тағы бір аңызда оның шәкірттеріне қылуетке қатысты берген кеңесі сақталған. «Жүректің назары Хақтың дидары болғанда дүниенің қызылжасылы, баянсыз қызықтары адамды бұрынғыдай алдамайды. Оңашада Хақпен сырласатын момынның таза жүрегі оны әулие дәрежесіне көтереді. Қылуетке түскен дәруіш ең бірінші жүрегін тәрбиелейді. Жүрек Хақтың хикметін қызықтайтын қасиетті орын. Ол жерге дүниенің арман-арзуын кіргізбейдер. Жүрек қылуетте тереңнен толғанбаса қырық күндік құлшылығы зая кетеді» (Керімбай, 2021, 65 б.). Бұл сөз сопылық жолдағы қылуетке түсудің мәні мен маңызын, қажеттілігін айқын танытады.

«Қылуетпен» қатар одан 1 шақырымдай жердегі «Құмшық ата» жер асты мешітінде де сопылардың діни рәсімдері жиі өткізілетін болған. Ел арасындағы аңыздарға қарағанда, Қожа Ахмет Ясауи жер астымен келіп, осы мешітте зікір салатын болған. Қожа Ахметтің қолында түскен нәзірді салатын құм табақ ыдысы болған дейді. Осы жерде әулие шын ықыласымен зікір салғанда тоқсан тоғыз мың машайық, сексен сегіз мың сәруар келіп отырған делінеді. Әулие айтыпты деген әңгімеде Құмшық ата тек шын ықыласымен зікір салғанда ғана көрініс беретін болған. Бұл жер астындағы оңаша екі мекеннің мазмұн-идеясы бір – Аллаға жалбарыну, мінәжат ету орны (Тәжиев, 2011).

Адамзаттың даму сатысында бірге еріп, қоса өркендеп отырған діни дүниетанымның, сенім жүйесінің кейбір элементтерінің бастапқы қайнар көзінен толықтай ажырап кетпей, қазіргі кезде де сақталып отырғаны белгілі. Алғашқы қауымдық кезеңдерге тиесілі жер асты құрылыстарын, үңгірлерді зерттеген ғалымдар онда негізінен құдіретті күштерге табыну, сиқыр, олжа мен сәттілікке ұмтылу сарынының жатқанын аңғарған. Сондықтан «біз үңгірге бас сұққанда, мыңдаған жылдар бойы қасиетті жоралғылар өткізілген киелі орынға енгендей боламыз». Бұл идея аңшылық магиясы мен мол өнім алу аясында жүзеге асырылады және үңгірде адамның

алғашқы бейнелеу өнеріне бейімі пайда болған сәттен бастап, ол киелі орын (ғибадатхана) санатына жатады дегенді білдіреді (Широков, 2022). Кейін әлемдік діндердің қалыптасу және даму кезеңіне аяқ басқанда бұл түсініктер де барынша күрделенді және жер асты орындары бұдан былай адамның оңаша құлшылық ету мекенін білдіретін жеке кеңістік ретінде қабылдана бастады.

Қорытынды

Үңгірлік культтер – тек географиялық нысандар немесе діни орындар емес, адам санасының терең қабаттарында орын алған ұжымдық бейсанадағы тұрақты рәміздердің көрінісі. Карл Юнгтің архетиптер теориясы, феноменология және герменевтика әдістері арқылы қарастырылғанда, Ақмешіт ата, Қылуат, Жылаған ата және Укаша ата нысандары:

- рухани жаңарудың кеңістігі,
- бейсаналыққа сапардың символы,
- табиғат пен адам арасындағы қастерлі байланыс нүктелері,
- мәдени жад пен этносимволдық кодты сақтаушы орталықтар негізінде қарастырылды.

Ендеше Түркістан өңіріндегі үңгірлік культтер тек тарихи-мәдени мұра емес, бүгінгі күнге дейін өз күшін жоймаған рухани – архетиптік феномен болып табылады. Олардың ежелгі кезден бері халық танымында киелі мекен деп танылуы тек табиғи, ландшафтық ерекшелігінен емес, құпияға толы, тылсым адам психологиясына айрықша әсер ететін сипатынан бастау алады. Зерттеу нәтижелері Түркістан өңіріндегі спелеомұра нысандарының табиғи ескерткіш ретіндегі маңызымен қатар, адам санасында, психологиясында және әлеуметтік тәжірибесінде ерекше феноменологиялық мәнге ие екенін көрсетті.

Феноменологиялық тұрғыдан Түркістан өңіріндегі үңгірлер мен жерасты мекендер зияратшы тәжірибесінде сакралды шекаралық кеңістік ретінде көрініс табады. Олар күнделікті тұрмыстық кеңістіктен тыс, экзистенциялық толғанысқа, өзіндік рефлексияға және рухани ізденіске жетелейтін орта қызметін атқарады. Үңгірлердің жабық қалпы мен табиғи оқшаулануы адам санасында символдық мәнге ие болып, діни-мистикалық тәжірибелердің қалыптасуына түрткі болады.

Психологиялық аспектіде спелеологиялық нысандар адамның ішкі күйіне әсер ететін ерекше орта сипат алады. Үңгірлік кеңістік катаба-

зис (төменге түсу) тәжірибесін арттырады, жеке тұлғаның эмоциялық күйін реттеуге, өзін-өзі тану үдерісін тереңдетуге және психологиялық шиеленісті төмендетуге жол ашады. Сонымен қатар, белгісіздік пен қараңғылық элементтері арқылы тұлғаның ішкі қорқыныштарын жеңу, катарсистік тәжірибе қалыптастыру әлеуетіне ие екені анықталды.

Әлеуметтік тұрғыдан спелеологиялық нысандар аймақтың тарихи жадысын, мәдени бірегейлігін және дәстүрлі дүниетанымын сақтаушы әлеуметтік институттар деп пайымдалады. Олар халықтық аңыз-әфсаналармен, зиярат ету тәжірибелерімен, ұжымдық сенімдермен тығыз байланысты болып, қоғам мүшелері арасындағы әлеуметтік байланыстарды нығайтуға түрткі болады. Сонымен қатар, бұл нысандар мәдени туризмді дамытуда, өңірдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыруда маңызды ресурс болып табылады.

Қорытындылай келе, Түркістан өңіріндегі үңгірлерді, жерасты ғибадат орындарын кешенді, пәнаралық тұрғыда зерттеу олардың табиғи мұра ғана емес, рухани-мәдени және әлеуметтік практикалық маңызы зор құбылыс екенін дәлелдейді. Зерттеу нәтижелері дінтану, философия, психология, социология салаларындағы ғылыми ізденістерге теориялық негіз болумен қатар, аймақтық мәдени саясатты қалыптастыруда және рухани-танымдық туризмді дамытуда қолданбалы маңызға ие.

Алғыс

Бұл мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан № АР27511211 «Түркістандағы киелі жерлерге қатысты аңыз-әпсаналардың аксиологиялық сипатын айқындау және жастар тәрбиесінде қолдану механизмдері» атты ғылыми жоба аясында қаржыландырылады.

Авторлар үлесі

Камалова Фәриде: зерттеу тұжырымдамасын әзірледі, негізгі бөлімді жазды, ғылыми редакциялады.

Төлегенов Мұхит: деректер іздеу, талдау, оңдеу жұмысын жасады.

Мырзабеков Мұратбек: зерттеу әдіснамасын әзірлеу, әдебиеттерге шолу, талапқа сәйкестендіру жұмысын жасады.

Белтенов Жасұлан: мақаланы техникалық талапқа, форматқа сай сәйкестендірді.

Әдебиеттер

- Akyüz, Ç. (2017). Ankara huseyin gazi tomb in the context of mountain, water, and cave cults. *Türk Kültürü Ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi*, 81, 151–172. <https://www.scopus.com/pages/publications/85017633167?origin=resultslist>
- Muminov, A. (1996). *Veneration of holy sites of the Mid-Sirdarya valley: continuity and transformation in Muslim culture in Russia and Central Asia from the 18th to the early 20th centuries*. Klaus Schwarz Verlag.
- Şengün, A. (2018). Ukaşa Ata ile ilgili Anlatılan Efsaneler. *Ясауи университетінің хабаршысы*, 4, 115-121.
- Гуссерль, Э. (2008). *Идея феноменологии: Пять лекций* / пер. с нем. Н. А. Артеменко. ИЦ «Гуманитарная Академия».
- Дмитриева, Т. (1997). Пещера как целостность (к проблеме интерпретации палеолитической пещерной живописи) // *Пещерный палеолит Урала: материалы междунар. конф.* Уфа, сс. 53-56.
- Жандарбек, З., & Муминов, Ә. (2022). *Насапнама* (Иасауи жолының тарихы). South Print Corporation.
- Исламизация и сакральные родословные в Центральной Азии: наследие Исхак-баба в нарративной и генеалогической традициях. (2013). Т. 1: *Открытие дороги для ислама. Сакральное сказание об Исхак-бабе* / Введ., сост. крит. текстов, пер. на рус. и англ. яз., коммент. и указ.: Д. ДиУис, А. К. Муминов, Д. О. Рахимжанов, Ш. Ш. Зиёдов; изд.: Д. ДиУис, А. К. Муминов. Дайк-Пресс.
- Керімбай, С., Төлеген, М., Нәби, Ә., & Тасболат, А. (2021). *Яссауи феномені*. 4-басылым. Отбасы хрестоматиясы.
- Керім, Ш., & Альмухаметов, А. (2021). Укаша ата мен Қорасан ата туралы хикаяттар. *ҚазҰУ Хабаршы. Дінтану сериясы*, 2(26), 25-32. <https://doi.org/10.26577/EJRS.2021.v26.i2.r4>
- Көпрүлү, Ф. (1999). *Қожа Ахмет Иасауи таным мен тағылымы*. Шымкент.
- Маликов, А. (2015). Святилище Укаша-ата в Южном Казахстане и его аналогии в Центральной Азии. *Археография және деректану ұлттық орталығының Хабарлары*, №2, 55-64.
- Маликов, А. (2007). *Мавзолей Ходжи Данияра*. Самарканд.
- Мустафина, Р. (1992). *Представления, культы, обряды у казахов* (в контексте бытового ислама в Южном Казахстане в конце XIX-XX в.). Қазақ университеті.
- Османова, Г. (2021). Мифологическое пространство в эпосе «Книга моего деда Коркута». *Вестник Северо-Восточного федерального университета имени М.К. Аммосова: Серия Эпосоведение*, 3, 35-42. <https://www.scopus.com/pages/publications/85213029626?origin=resultslist>
- Саксанов, Т. (1991). *Паломничество к святым местам: традиция и современность*. Москва.
- Сейдімбеков, А. (1981). *Құңгір-құңгір күмбездер: Сұлулық туралы сырлар*. Жалын.
- Сейдімбек, А. (1997). *Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау*. Оқу құралы. Санат.
- Сызранов, А. (2012). *Аулыа* // Ислам на территории бывшей Российской империи. Энциклопедический словарь. Выпуск 5. Восточная литература.
- Султонов, У. (2009). *Мухаммад Солиххужа ва унинг «Тарихи жадидаи Тошканд» асари*. Тошкент.
- Тәжиев, Қ.Т. (2011). *Қазыналы Оңтүстік*. Т.22: 2-кітап: Өз әулиелер. Нұрлы Әлем.
- Түркістан – руханият бесігі. (2019). *Лингво-өлкетану энциклопедиясы*. Бірінші кітап. Нұрнама.KZ.
- Тұяқбаев, М., & Мейірман, А. (2009). *Қылуат*. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы.
- Широков, В., & Широкова, Н. (2022). Пещера – святилище – миф: Критерии интерпретации верхнепалеолитических декорированных пещер Урала. *Уральский исторический вестник*, 2(75), 128-138. <https://www.scopus.com/pages/publications/85134700069?origin=resultslist>
- Элиаде, М. (1996). *Мифы, сновидения, мистерии*. Ваклер, Рефл-бук.
- Юнг, К. (1996). *Душа и миф: шесть архетипов*. Пер. с англ. Наукманова В.В. Государственная библиотека Украины для юношества.

References

- Gusserl', Je. (2008). *Ideja fenomenologii: Pjat' lekcij* / per. s nem. N. A. Artemenko [The Idea of Phenomenology: Five Lectures / translated from German by N. A. Artemenko]. IC «Gumanitarnaja Akademija». (in Russian)
- Dmitrieva, T. (1997). *Peshhera kak celostnost' (k probleme interpretacii paleoliticheskoy peshhernoy zhivopisi)* [The cave as a whole (on the problem of interpreting Paleolithic cave paintings)] // *Peshhernyj paleolit Urala: materialy mezhdunar. konf.* Ufa, ss. 53-56. (in Russian)
- Zhandarbek, Z., & Muminov, A. (2022). *Nasapnama* (Iasau i zholynuz tarihy) [Nasapnama (History of the Yasawi Way)]. South Print Corporation. (in Kazakh)
- Islamizacija i sakral'nye rodoslovnye v Central'noj Azii: nasledie Ishak-baba v narrativnoj i genealogicheskoy tradicijah [Islamization and Sacred Genealogies in Central Asia: The Legacy of Ishaq Baba in Narrative and Genealogical Traditions]. (2013). Т. 1: *Otkrytie dorogi dlja islama. Sakral'noe skazanie ob Ishak-babe* / Vved., sost. krit. tekstov, per. na rus. i angl. jaz., komment. i ukaz.: D. DiUis, A. K. Muminov, D. O. Rahimzhanov, Sh. Sh. Zièdov; izd.: D. DiUis, A. K. Muminov. Dajk-Press. (in Russian)
- Kerimbaj, S., Tölegen, M., Nabi, A., & Tasbolat, A. (2021). *Yassau i fenomeni*. 4-basylym [The Yassawi Phenomenon. 4th Edition]. Otbasu hrestomatijasy. (in Kazakh)
- Kerim, Sh., & Al'muhametov, A. (2021). Ukasha ata men Khorasan ata turaly hikajattar [Stories about Ukasha Ata and Khorasan Ata]. *QazUU Habarshy. Dintanu serijasy*, 2(26), 25-32. <https://doi.org/10.26577/EJRS.2021.v26.i2.r4> (in Kazakh) (in Kazakh)
- Köprülü, F. (1999). *Kh.A. Yasau i tanymy men tagylymy* [The knowledge and teachings of Khoja Akhmet Yasawi]. Shymkent. (in Kazakh)

- Malikov, A. (2015). *Svjatilishhe Ukasha-ata v Juzhnom Kazahstane i ego analogii v Central'noj Azii* [The Ukasha-ata sanctuary in Southern Kazakhstan and its analogues in Central Asia]. *Arheografija zhəne derektanu ылтық ortalығының Habarlary*, 2, 55-64. (in Russian)
- Malikov, A. (2007). *Mavzolej Hodzhi Danijara* [Mausoleum of Khoja Daniyar]. Samarkand. (in Russian)
- Mustafina, R. (1992). *Predstavljenija, kul'ty, obrjady u kazahov* (v kontekste bytovogo islama v Juzhnom Kazahstane v konce XIX-XX v.) [Representations, cults, and rituals of the Kazakhs (in the context of everyday Islam in Southern Kazakhstan in the late 19th-20th centuries)]. Qazaq universiteti, ss.85-86. (in Russian)
- Osmanova, G. (2021). Mifologicheskoe prostranstvo v jepose «Kniga moego deda Korkuta» [Mythological space in the epic “The Book of My Grandfather Korkut”]. *Vestnik Severo-Vostochnogo federal'nogo universiteta imeni M.K. Ammosova: Serija Jeposovedenie*, 3, 35-42. <https://www.scopus.com/pages/publications/85213029626?origin=resultslist> (in Russian)
- Saksanov, T. (1991). *Palomnichestvo k svjatyj mestam: tradicija i sovremennost'* [Pilgrimage to holy places: tradition and modernity]. Moskva. (in Russian)
- Sejdimbekov, A. (1981). *Kungir-kungir kumbezder: Sululyq turaly syrlar* [Dark-dark domes: Secrets of beauty]. Zhaly. (in Kazakh)
- Sejdimbek, A. (1997). *Qazaq əlemi. Jetnomədeni pajymdau* [Kazakh world. Ethnocultural perspective]. Oqu quraly. Sanat. (in Kazakh)
- Syzranov, A. (2012). *Aulja // Islam na territorii byvshej Rossijskoj imperii. Jenciklopedicheskij slovar'* [Saint // Islam on the territory of the former Russian Empire. Encyclopedic dictionary]. Vypusk 5. Vostochnaja literatura. (in Russian)
- Sultonov, U. (2009). *Muhammad Solihhuzha va uning «Tarihi zhididaji Toshkand» asari* [Muhammad Solikhhuja and his work “Tarihi jadidayi Toshkand”]. Uzbekiston. (in Uzbek)
- Şengün, A. (2018). *Ukaşa Ata ile ilgili Anlatılan Efsaneler* [Legends told about Ukasha Ata]. *Ясауи университетінің хабаршысы*, 4, 115-121. (in Turkish)
- Təzhiev, K.T. (2011). *Qazynaly Ontustik. T.22: 2-kitap: Əz əulieler* [Treasured South. Vol.22: Book 2: The Saints]. Nurly Alem. (in Kazakh)
- Turkistan – ruhanijat besigi [Turkestan – the cradle of spirituality]. (2019). *Lingvo-əlketanu jenciklopedijasy*. Birinshi kitap. Nurnama.KZ. (in Kazakh)
- Tujaqbaev, M., & Mejirman, A. (2009). *Qyluet* [Qyluet]. «Aziret Sultan» memlekettik tarihi-mədeni qoryq-murazhjay. (in Kazakh)
- Shirokov, V., & Shirokova, N. (2022). *Peshhera – svjatilishhe – mif: Kriterii interpretacii verhnepaleoliticheskikh dekorirovannyh peshher Urala* [Cave – Sanctuary – Myth: Criteria for the Interpretation of Upper Paleolithic Decorated Caves of the Urals]. *Ural'skij istoricheskij vestnik*, 2(75), 128-138. <https://www.scopus.com/pages/publications/85134700069?origin=resultslist> (in Russian)
- Eliade, M. (1996). *Mify, snovidenija, misterii* [Myths, dreams, mysteries]. Vakler, Refl-buk. (in Russian)
- Jung, K. (1996). *Dusha i mif: shest' arhetipov*. Per. s angl. Naukmanova V.V. [Soul and Myth: Six Archetypes. Translated from English by V.V. Naukmanov]. Gosudarstvennaja biblioteka Ukrainy dlja junoshestva. (in Russian)

Авторлар туралы мәлімет

- Камалова Фэриде (корреспондент автор) – PhD, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті теология факультеті дінтану кафедрасының меңгерушісі, Түркістан, Қазақстан, e-mail: feride.kamalova@ayu.edu.kz.
- Төлегенов Мұхит – PhD, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті теология факультеті дінтану кафедрасының аға оқытушысы, Түркістан, Қазақстан, e-mail: mukhit.tolegenov@ayu.edu.kz.
- Мырзабеков Мұратбек – философия ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті теология факультеті дінтану кафедрасының аға оқытушысы, Түркістан, Қазақстан, e-mail: muratbek.myrzabekov@ayu.edu.kz.
- Белтенев Жасұлан – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының PhD докторанты, Алматы, Қазақстан, e-mail: zhassbell@mail.ru.

Information about the authors

- Kamalova, Feride (correspondent author) – PhD, Head of the Department of Religious Sciences of the Faculty of Theology, Khoja Ahmet Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan, e-mail: feride.kamalova@ayu.edu.kz.
- Tolegenov, Mukhit – PhD, Senior lecturer of the Department of Religious Studies of the Faculty of Theology, Khoja Ahmet Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan, e-mail: mukhit.tolegenov@ayu.edu.kz.
- Myrzabekov, Muratbek – Candidate of Philosophical Sciences, Senior lecturer of the Department of Religious Sciences of the Faculty of Theology, Khoja Ahmet Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan, e-mail: muratbek.myrzabekov@ayu.edu.kz.
- Beltenov, Zhassulan – PhD student of the Department of Religious and Cultural Studies of the Faculty of Philosophy and Political Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: zhassbell@mail.ru.

Сведения об авторах

Камалова Фэриде (автор-корреспондент) – PhD, заведующий кафедрой религиоведения факультета теологии Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан, e-mail: feride.katalova@ayu.edu.kz.

Толегенов Мухит – PhD, старший преподаватель кафедры религиоведения факультета теологии Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан, e-mail: mukhit.tolegenov@ayu.edu.kz)

Мырзабеков Муратбек – кандидат философских наук, старший преподаватель кафедры религиоведения факультета теологии Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан, e-mail: muratbek.myrzabekov@ayu.edu.kz.

Белтенов Жасулан – PhD докторант кафедры религиоведения и культурологии факультета философии и политологии Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: zhassbell@mail.ru.

2026 жылы 12 қаңтарда тіркелді.
2026 жылы 20 маусымда қабылданды.

А. Әкімханов¹ , Г. Купешова^{1*} ,
Н. Анарбаев¹ , А. Хасан² 

¹Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

²Әл-Әзһар университеті, Каир, Египет

*e-mail: gulnur.kupeshova@bk.ru

«МҰСЫЛМАНШЫЛЫҚТЫҢ ТҰТҚАСЫ» ЖӘНЕ «МҰСЫЛМАНДЫҚ КІТАБЫ» ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ИМАН ҰҒЫМЫ (теологиялық салыстырмалы талдау)

Аталған мақала Ыбырай Алтынсариннің «Мұсылманшылықтың тұтқасы» еңбегі мен Шәкәрім Құдайбердіұлының «Мұсылмандық кітабы» еңбектеріндегі иман ұғымына исламтанулық салыстырмалы талдауға бағытталған. Бүгінде елімізде діни экстремизм деңгейі басылғанымен, радикализм қауіпі әлі де басты назардағы мәселе. Дін – нақты, ортақ ережелерге байланғанымен, оның жеткізілуі ұлттық ерекшеліктерді ескереді. Қазақ қоғамының мұсылманшылдығында басқа ұлттарда кезікпейтін өзіндік жол бар. Бұл ерекшеліктер мақаламызға арқау болған қос еңбекте де көрініс табады. Мақаламыздың мақсаты да сол, аталған еңбектерді талдай отырып қазақ халқының дәстүрлі исламын көрсету. Осы мақсат аясында екі еңбектегі иман ұғымын мәтіндік зерттеу арқылы жан-жақты ашықтадық. Аталған еңбектердегі иман ұғымын талдау барысында Ыбырай мен Шәкәрім дүниетанымының ортақ және ерекше тұстарын анықтадық. Сондай-ақ қос ғалымның ұстанымдарын танымал ислам ғұламаларының көзқарастарымен салыстыра талдадық. Зерттеу барысында иман ұғымының қазақ дүниетанымындағы орны өзге де зерттеушілердің пікірлерімен анықталды. Яғни қазақы дүниетанымындағы ислам, иман ұғымының түсініктік ерекшеліктері толық баяндалды. Ыбырай мен Шәкәрімнің пікірлерін ислам әлемінде танымал классикалық ақида кітаптарының авторларымен салыстыру арқылы олардың діни білімі бағаланды. Мақаламыздағы зерттеу нәтижелері қазіргі діни білім беру бағдарламаларында, отандық теологиялық ғылымды дамытуда, ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтарды насихаттау үдерісінде практикалық қолданыс таба алады. Мақала діни радикализм мен жат ағымдарға қарсы күресте дәстүрлі ислам құндылықтарын ғылыми тұрғыдан негіздеуге және ілгерілетуге үлес қосады.

Түйін сөздер: иман ұғымы, ислам теологиясы, Ыбырай Алтынсарин, Шәкәрім Құдайбердіұлы, қазақ мұсылмандық дүниетанымы

A. Akimkhanov¹, G. Kupeshova^{1*}, N. Anarbayev¹, A. Hassan²

¹Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan

²Al-Azhar University, Cairo, Egypt

*e-mail: gulnur.kupeshova@bk.ru

The concept of faith in «The Fundamentals of Islam» and «The Book of a Muslim» (a theological comparative analysis)

This article is devoted to an Islamic comparative analysis of the concept of iman in the works of Ybyray Altynsarin "The Fundamentals of Islam" (Musylmanshylyqtyn tutqasy) and Shakarim Kudaiberdiuly "The Book of a Muslim" ("Musylmandyk Kitabyn"). Despite the fact that the level of religious extremism in our country has decreased, the threat of radicalism remains one of the major concerns problems. Although religion is based on uniform and well-defined principles, the forms of its transmission and perception take into account national characteristics. In the religious culture of the Kazakh people, there is a peculiar way of understanding Islam that is not fully found among other peoples. These features are reflected in the two works that have become the subject of our research. The purpose of the article is to identify the features of traditional Kazakh Islam through the analysis of these works. To achieve this objective, the concept of iman in both works was comprehensively revealed through textual analysis. The study revealed common and distinctive features of the worldview of Ybyray Altynsarin and Shakarim Kudaiberdiuly in the understanding of iman. In addition, the views of both thinkers were compared with the positions of well-known Islamic theologians. The meaning of the concept of iman in the Kazakh worldview has also been examined through the prism of the opinions of other researchers. Thus, the peculiarities of understanding Islam and Iman in the Kazakh spiritual tradition were revealed in

detail. A comparison of the views of Ybyray and Shakarim with the positions of the authors of classical works on the Islamic faith made it possible to assess the level of their religious knowledge and theological training. In addition, the results of the study can find practical application in modern religious education programs, in the development of domestic theological science, in the process of promoting national education and spiritual values. The article contributes to the scientific presentation of traditional Islamic values in the fight against religious radicalism and destructive movements.

Keywords: the Concept of Faith, Islamic Theology, Ybyrai Altynsarin, Shakarim Kudaiberdiuly, Kazakh Religious Thought

А. Акимханов¹, Г. Купешова^{1*}, Н. Анарбаев¹, А. Хасан²

¹Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан

²Университет аль-Азхар, Каир, Египет

*e-mail: gulnur.kupeshova@bk.ru

Понятие веры в трудах «Мусульманский пакт» и «Книга о мусульманстве» (теологический сравнительный анализ)

Данная статья направлена на сравнительный исламоведческий анализ понятия веры в трудах Ибрая Алтынсарина «Мусульманский пакт» и «Книга о мусульманстве» Шакарима Кудайбердиулы. Несмотря на то, что в настоящее время в стране уровень религиозного экстремизма снизился, угроза радикализма по-прежнему остается главной проблемой. Хотя религия основывается на единых и конкретных определенных принципах, формы ее передачи и восприятия учитывает национальные особенности. Мусульманство казахского общества имеет своеобразный путь осмысления ислама, с которым не сталкиваются другие нации. Эти особенности отражены в двух трудах, ставших предметом нашего исследования. Цель нашей статьи показать традиционный ислам казахского народа, проанализировав эти труды. В рамках поставленной цели понятие веры было всесторонне раскрыто посредством текстологического анализа. В ходе анализа понятия веры в данных работах мы выявили общие и специфические черты мировоззрения Ибрая и Шакарима. Также проанализировали позиции двух ученых в сравнении с взглядами известных исламских ученых. В ходе исследования место понятия вера в казахском мировоззрении определялось мнениями других исследователей. Таким образом, были подробно раскрыты особенности понятия ислама и веры (имана) в казахской духовной традиции. Сравнение взглядов Ибрая и Шакарима с авторами классических трудов известных в исламском мире позволило оценить уровень их религиозных знаний. Результаты исследования могут найти практическое применение в современных программах религиозного образования, развитии отечественной теологической науки, в процессе пропаганды национального образования и духовных ценностей. Статья способствует научному представлению традиционных исламских ценностей в борьбе с религиозным радикализмом и деструктивными течениями.

Ключевые слова: понятие веры, исламская теология, Ыбырай Алтынсарин, Шакарим Кудайбердиулы, казахская религиозная мысль

Кіріспе

Бүгінде ұлттық әдеби мұрадағы діни-ағартушылық бағыттағы шығармаларды зерттеу ұзақ елеусіздіктерден соң қайтадан ғылыми айналымға енуде. Кеңестік кездегі идеологиялық ұстанымдар исламдық мазмұндағы еңбектерді объективті бағалауға мүмкіндік бермей, діни мазмұндағы ұлттық құндылықтарымызды әдеби және рухани маңызы тұрғысынан толық ашылуына тосқауыл болды.

Ақын-жазушыларымыздың еңбектеріне назар аударар болсақ қазақ әдебиетінде діни мәтіндердің жиі кездесетіндігі ғылыми шындық. Осы тұрғыда қазақ жеріндегі ислам жаңа үдеріс емес, керісінше тарихи құндылық демекпіз. Радикализм қауіпі ушыққан қазіргі уқытта, ұлттық санамызға сай исламды қайта жандандыру

руханият пен ұлттық мүдде үшін өте маңызды мәселе. Ы. Алтынсарин «Мұсылманшылықтың тұтқасы» еңбегін жазудағы мақсатын түсіндіргенде де қазақ даласында діни еңбектер мен дін туралы ақпараттардың кең таралғандығын айтқан. Сонымен қатар, ғалым осы орайда аталмыш еңбекті екі мақсатта жазғандығын жеткізеді. Біріншіден, халық дінді бұрыс бағытта ұстанып кетпеуі үшін дінімізді ділімізбен ұштастыру. Екіншіден, жазудағы татар, орыс тілдерінің орынсыз көбейгендігін азайту үшін осы оқулықты құрастырғандығын жеткізеді (Алтынсарин, 1995). Ғалымның осы сөздерінен ұлттық болмыс пен діннің сабақтастығын нығайту бірінші кезекті маңызды мәселе екендігін түсіне аламыз.

Қазақы дүниетаным үшін иман ұғымы қашан да маңызды орынға ие болған. Бұл сөзімізге ұттық тарихи және әдеби мұрамыздан көптеген

мысалдар дәлел. Соның бірі, мақаламызға арқау болған «Мұсылманшылықтың тұтқасы» және «Мұсылмандық кітабы» еңбектерінде иманның мәні мен оның ұлттық санамыздағы орны ерекше аталып, жан-жақты баяндалған. Аталған екі еңбекте иман ұғымы терең ғылыми түрде баяндалып, оған қатысты тармақты мәселелер де жан-жақты жеткізілген. Аталған еңбектер тек қана ақида (сенім) мәселелерін ғана қамтып қоймай, мұсылманның білуі міндет болған фикһ (ғибадат) баптарын да қамтығандықтан бұл кітаптар ғылымхал стилінде жазылған еңбектер қатарына жатқызылады. Тек Ыбырай мен Шәкәрім еңбектері ғана емес, жалпы қазақ ағартушыларының қаламынан шыққан діни кітаптардың арабша діни кітаптардан айырмашылығы да сол. Яғни қазақ ағартушыларының діни кітаптарында ислам ілімдері жеке-жеке бөлінбей, тұтас ілім ретінде үйретілуі. Бұған Абайдың, Мәшһүр Жүсіптің еңбектерін де мысал етуге болады. Әсіресе зерттеушілердің пікірінде Шәкәрімнің діни-философиялық мұрасын Абай дәстүрінің жалғасы ретінде жиі кезігеді (Nysanbayev, 2016). Біз де осы зерттеуімізде бұл тұжырымды қуаттаймыз. Ыбырай мен Шәкәрімнің аталған қос еңбегі Абай ізін жалғастырған. Аталған екі кітапта қазақ халқының рухани және діни сауатын арттыруды көздеп, ислам дінінің сенімдік, құқықтық және моральдық негіздері мен мұсылмандық құндылықтарды тарқатып түсіндіруге тырысқанын мақаламызда ашықтаймыз. Жалпы қос еңбекте ислам дініндегі сенім мәселелері мен иман шарттары, шариғи үкімдердің түсіндірмесі, ислам құқығының ішіндегі құлшылық мәселелері, мұғамалат (отбасы фикһы, саудасаттық, адам құқығы) мәселелері, аңшылықтың үкімдері, ар/ахлақ ілімі сияқты тақырыптар кеңінен талданған. Алайда, бұл мақаламызда аталған еңбектердегі тек иман концепті теологиялық тұрғыдан салыстырмалы талдаймыз. Салыстыру нәтижесінде екі автордың діни танымы мен методологиялық тәсілдеріне баға беруді мақсат тұттық. Мақаланың басты нысаны зерттеу объектісіндегі сенім мәселелерін ашықтау. Нәтижесінде қазақ халқының дәстүрлі діни дүниетанымындағы ақида негіздерінің көрінісін айқындау.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Ы. Алтынсариннің «Мұсылманшылықтың тұтқасы» еңбегіндегі мұсылман ағартушылығы» атты еңбегінде Э. Сейсенбиева, Қ. Мәдібаева,

А. Юсупов сынды зерттеушілер Ш. Сәтбаеваның зерттеулеріне сүйенгені әрі онда қазақ қоғамындағы дін мен дәстүрдің өзара байланысын талдағаны байқалады. Халық арасындағы «иманды», «иманжүзді» ұғымдарын және Абайдың «Кімнің ұяты жоқ болса, соның иманы да жоқ» деген тұжырымын мысалға келтіреді. Осы арқылы қазақ халқының исламды қабылдаудағы өзіндік ерекшеліктері болғанын көрсетеді. Зерттеулерді салыстырмалы түрде талдау барысында Ш. Сәтбаева еңбегінде Ы. Алтынсарин мұрасының татар ағартушылары мен ғалымдарының ықпалы аясында қарастырылғаны байқалады. Сонымен қатар, зерттеу барысында екі ойшылдың шығармашылығы мен дүниетанымына арналған бірқатар зерттеулер оқылды. Соның бірі, Е.П. Поназдыреваның Ыбырайдың ағартушылығына қатысты зерттеуі. Бұдан тыс Н.К. Балтабаев және К.Т. Бименовтың еңбектері де қаралды. Сондай-ақ, Б.А. Аманиязованың зерттеуі және Ә.Н. Нысанбаев, Е.Б. Сыдықов, Е.А. Құрманбаевтың ағылшын тіліндегі халықаралық ғылыми мақаласы Шәкәрімнің философиялық қырын ашуға негіз болды. Ал исламтанулық зерттеулер қатарын Н.А. Смагуловтың Шәкәрімнің мұсылман ғалымы ретінде танылған диссертациялық жұмысындағы кей тұжырымдар толықтырды. Зерттеулерге назар аударар болсақ, ғылыми айналымда Шәкәрім философиясы кең қаралып, ал Ыбырайдың білім беру жүйедегі орны жиі қаралатындығы байқалады. Шәкәрімнің діни-этикалық ұстанымдарына қатысты ізденіс барысында А. Айтбаеваның да диссертациялық жұмысы қаралды. Автор аталған жұмыста ойшылдың діни-этикалық ұстанымдарының тарихи негіздерін талдап, «Мұсылмандық кітаптағы» сенім мәселелеріне тоқталады. Сонымен қатар Шәкәрімнің моральдық қағидаларын қазақ қоғамының рухани болмысымен сабақтастыра қарастырады. Шәкәрімтану саласындағы елеулі зерттеулердің бірі – Р.Б. Омарғазиннің 2006 жылы жарық көрген монографиясы. Еңбекте «Үш анықтағы» діни-философиялық ойлар жүйеленіп, адам, таным және сенім мәселелерінің өзара байланысы сараланған. Әдебиеттерге жасалған шолу көрсеткендей, екі ағартушының мұрасы ғылыми айналымда жеткілікті дәрежеде қарастырылғанымен, зерттеулердің басым бөлігі олардың ағартушылық қызметі мен философиялық көзқарастарына арналған. Ал иман ұғымын арнайы нысан етіп алып, оны екі еңбектің аясында салыстырмалы түрде талдау мәселесі жеткілікті деңгейде зерт-

телмеген. Сондықтан бұл жұмыста Ыбырай Алтынсариннің «Мұсылманшылықтың тұтқасы» және Шәкәрім Құдайбердіұлының «Мұсылмандық кітабындағы» иман түсінігі салыстырылып, исламдық ғылыми дәстүрдегі көзқарастармен сабақтастырыла қарастырылады.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Бұл мақалада Ыбырай Алтынсарин мен Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларындағы иман ұғымын теологиялық тұрғыдан қарастыру үшін ең алдымен мәтіндік талдау әдісі қолданылып, әр еңбектегі иманға қатысты негізгі тұжырымдар іріктелді. Зерттеудегі тұжырымдар ханафи-матуриди сенім мектебінің теориялық қағидалары негізінде сараланды. Талдауда семантикалық және интерпретациялық компаративистикалық, жіктеу әдіс-тәсілдері қолданылды. Мақалада классикалық діни еңбектер мен заманауи исламтану әдебиеттері негізге алынды. Талдау арқылы аталмыш еңбектердегі иман түсінігінің дәстүрлі ислам аясындағы орны айқындалды. Зерттеуде ғылыми қорытындыларды жүйелеу кезінде индуктивтік және дедуктивтік тәсілдер қолданылды. Нәтижесінде жалпы ұғымнан жеке түсінікке және кей тұста жалқы түсініктен жалпы ұғым шығару арқылы қорытындылар жасалды.

Нәтижелер және талқылама

Екі еңбектің жалпы мазмұны мен жазылу жүйесі ислам ғылымдарының реттілік жүйесіне, сондай-ақ көптеген мұршид ғалымдар ислам дінін бастан-аяқ талдап түсіндіруде басшылыққа алған Жәбірейіл хадисі деп аталатын мәшһүр хадистің мазмұнына сай деуге болады. Аталған хадисте ислам дінінің үш тағаны - «иман», «ислам» және «ихсан» қамтылған. Біздің зерттеу объектіміз бұл хадисте «иман» деп аталған. Хадистегі «иман» сөзі діндегі сенім мәселелерін, соның ішінде иман шарттарын және сол шарттарға қатысты бірқатар сенім мәселелерін толық қамтиды. Сол себепті, «Мұсылманшылықтың тұтқасы» мен «Мұсылмандық кітабын» қазақ тілінде жазылған алғашқы ғылымхал деуге болады (Смагулов, 2025). Қазақ тілінде ғылымхал үлгісінде еңбек жазудағы мақсаты мен себебін Ы. Алтынсарин кітаптың кіріспе бөлімінде былай баяндаған: «Мұның соңында бұл кітапты жазып шығарған себебіміз, әркімге мәлім Кәләм шәриф (Құран Кәрім) һәм үлкен ғылыми кітаптар араб тілінде жазылуы. Араб тілін әркімге

білмек һәм қиын һәм көп қара халыққа мүмкін де емес. Мұнан ғайри (бұдан бөлек) және сөздері де не араб, не парсы тілінде болып, әр жұрттың лұғаты (тілі) бөлек болуынан көп оқымаған адамдар аят, хадисте бұйырылған һәм әр мұсылманға керекті қысқа ғылымдарды да білуге қадыр бола алмады» (Алтынсарин, 2014, 4 б.). Ш. Құдайбердіұлы да «Мұсылмандық кітабын» жазудағы мақсатын кітаптың кіріспесінде былай баяндаған: «Алла Тағала барша адам баласына бір Алла Тағаланың барлығын, бірлігін һәм өзін жаратқан иесі екенін біліп иман келтіріп, құлшылық қылсын деп жаратқан. Аятта: «Жын менен адамдарды құлшылық қылсын деп жараттым», - деген. Солайша құлшылық үшін жаралғанды. Оқығандарыңыз кітаптан, оқымағандарыңыз молдалардан естіп білген шығарсыздар. Олай да болса біздің қазақ халқының өз тіліменен жазайын деп ойландым. Бұл кітап әрбір қазақ оқуға оңай болып әрі өзіме сауап болар ма екен деп Алла Тағаланың рахметінен үміт еттім. Әумин» (Құдайбердіұлы, 2024, 3 б.). Осы сөзінің артынша: «Енді (бәрінен) бұрын иман турасын анықтап білу керек. Сол себептен ұлы иман турасын шамам келгенше ұқтырайын», - деп алдымен иман ұғымы мен иманның түпкі мәнін түсіндіруге көшеді (Құдайбердіұлы, 2024, 12 б.).

Біз бұл зерттеуде аталған қос еңбектегі иман ұғымы мен иманның түпкі мәні бойынша салыстырмалы талдау жасайтын боламыз. «Мұсылманшылықтың тұтқасы» кітабында кіріспе сөзден кейін алдымен шынайы иманның түпкі мәні мен шын мүмін болу үшін иман сөзін түсініп айту керектігі және діндегі әуелгі парыздың иман екендігі айтылады. Одан кейін иман мен діндегі парыз амалдардың арақатынасы және амалдардың парыздығына иман келтіру мәселесі мен иманда күмәнға бойалдырмау керектігі айтылады. Соңында иманның түрлері мен дәлелдері баяндалады. «Мұсылмандық кітабында» иман сөзінің мағынасын біліп, түсініп айту мәселесінен бастап, күр тілмен айтудың иман болмайтындығы айтылып, артынша иманның орны жүрек екендігіне баса назар аударылады. Осыдан соң иман сөзін үнемі айтып жүрудің, яғни иманды жаңалап тұру керектігін айтып, шынайы имансыз амалдың қабыл болмайтындығын айта келе, артынша иманның шарттарын баяндауға көшеді (Құдайбердіұлы, 2024).

Аталған екі еңбекте де иман ұғымы мен иманның түпкі мәні (хақиқат әл-иман) ханафи-матуриди мектебі негізінде түсіндіріледі. Матуридилік сенім бойынша «Иманның орны

жүректе, сондықтан да иманның түпкі мәні - Алланың бар, жалғыз және барлық есім-сипаттарында мінсіз екенін және Елші-пайғамбарының хақ екенін жүрекпен растап, сену (тасдиқ бил-қалб)» (Әл-Матуриди, 2005, 373-390 бб.). Ал, ауызбен иман сөзін айту - жалпы ханафи мәзһабы бойынша иманның екінші рүкіні саналады, яки Имам Матуриди айтқандай иманның шарты, яғни адамның мүмін саналып, мұсылмандық құқыққа ие болуының шарты (шарту ижра әл-ахкәм) болады. Жүректе сенім (тасдиқ) болмай құр ауызбен кәлима айтумен иман болмайды (Әкімханов, 2019). Қорыта айтқанда, ханафи-матуриди мектебі бойынша иман жүрекпен және кәлима айтумен жүзеге асады, діндегі парыз амалдар (амал бил-әркән) иманға жатпайды. «Мұсылманшылықтың тұтқасы» кітабында автор иманның түпкі мәнін осы ханафи-матуриділік ұстаным тұрғысынан түсіндіріп былай деген: «Иманның екі мағынасы бар: бірі – тіл мағынасы. Тіл мағынасы дегеніміз – әркім тілмен айтып растамақ. Мәселен, мұсылманшылығымызға бас куәлік – сөзіміз немесе араб тілінше шәһәда – иманымыз «әшһәду ән лә иләһә иллаллаһ уә әшһәду әннә Мұхаммәдән абдуһу уә расулүһу» болса керек. Яғни куәлік беремін: Жоқ-ты бір Құдайдан бөтен құдай және куәлік беремін, Мұхаммед оның құлы һәм елшісі екендігіне деп, шарифат мағынасы растағанда ол иманды көңілмен (яғни, жүрекпен) растамақ. Бұл растамақ (тасдиқ) дегеніміз, жалғыз «Құдай Тағала бар, Мұхаммед хақ пайғамбар» деп айту ғана емес, пайғамбарды хақ деп біліп һәм ол пайғамбарымыз әләйһис-сәләмнің Алла Тағала жанбуан алып келген қанша парыз бұйрықтары болса, мәселен, намаз, руза рәушті, осылардың бәрін де тілмен рас деп айтып һәм шын көңілмен (жүрекпен) растығына сенбек» (Алтынсарин, 2014, 7 б.). Шәкәрім Құдайбердіұлы да аталған еңбегінде иманның түпкі мәнінің жүректегі сенім мен тілдегі кәлима екенін айтып, былай деген: «Иман деген Алла Тағаланың барлығына, бірлігіне, онан басқа Алла жоқтығына, Құран сөзінің бәрі шындығына анық ықыласпенен (жүрекпен) нанбақ. Иман айтқанда «Лә иләһә илл-Алла Мұхаммаду расул Алла» дейміз, оның мағынасы: «Бір Құдайдан басқа құдай жоқ және Мұхаммед ғалейһи әссәләм Алла Тағаланың бізге тура жолды көрсетуге жіберген басшысы» деген болады (Құдайбердіұлы, 2024, 13 б.). Міне осылайша, екі еңбекте де иманның түпкі мәні ханафи-матуриди мәзһабы бойынша пайымдалып, діндегі амалдар иманың түпкі мәніне қосылмай бөлек

қарастырылған. Ал өзге үш мәзһабтың негізін қалаған Имам Мәлик, Имам Шәфиғи және Имам Ахметтің және жалпы әһлі хадис мектебінің көзқарасы бойынша иманның түпкі мәні үш бірдей негізді, яғни жүрекпен сену, иман сөзін айту және діндегі міндетті амалдарды орындауды қамтиды. Мәлики, Шәфиғи мәзһабтары, имам әл-Әузағи сынды екінші топ «Амал – имандың мағынасына кіреді», - деп қабыл етеді. Бұл ұстаным көпшілік мутакаллимдер мен мухаддистерден, «Шархул мақасид», «Шархул ақайд» кітаптарынан жеткен хабар (Мулла Али Қари, 2020, 96 б.). Дегенмен, аталған ғұламалар мен әһлі хадис мектебі өкілдері діндегі міндетті амалдарды иманның түпкі мәніне қосқанымен, харижилер мен мұғтазилалар сынды парыз амалдарды тәркеткен мүмінді күпірлікпен және имансыздықпен айыптамайды, өйткені олар діни амалдарға иманның кемелдігінің шарты деп қараған. Ал харижилер мен мұғтазилалар болса, діни амалдарды иманның дұрыс болуының шарты деп түсініп, сәйкесінше парыз амалдарды орындамаған мүміндерді күпірлікпен әрі имансыздықпен айыптаған болатын (Әкімханов, 2019). Міне сол себепті, Имам Ағзам өз заманында белең алып, мұсылмандар арасында үлкен бүлік тудырған осындай тәкфирлік құбылысқа қарсы жауап ретінде, «иман амал емес, амал да иман емес», - деген мызғымас ұстанымын алға тартып, соны теологиялық тұрғыдан дәлелдеген (Әкмалуддин Мухаммед Әл-Бәбәрти әл-Ханафи, 2009, 75 б.). Сол үшін оған өзінің діни-идеялық оппоненттері тарапынан діни амалдарға немқұрайлы қарайтын «муржия» деген лайықсыз лақап тағылып, жөнсіз жала жабылған. Бұған байланнысты Имам Ағзамның өзі «ар-Рисәлә» атты еңбегінде діни-ғылыми тұрғыдан нақты жауап берген. Сондай-ақ Имам Ағзамның діни және ғылыми жолы өзіне тағылған «муржия» лақабының мүлдем орынсыз екенін іс жүзінде көрсеткен ең үлкен дәлел болды (Әбу Ханифа, 2009). Имам Ағзамның діни ілімін ұстанған қазақ халқының діни танымында мұсылманды парыз амалдар тұрғысынан бағалап, оларды орындамаған жағдайда күпірлікпен айыптау орын алмаған. Харижилер: «Діндегі парыз амалдарды орындамаған мүміндер кәпір болады», - деп үкім айтқан (Әш-Шахристани, 1992, 114-118 бб.). Ал, мұғтазилалар: «Ондай мүмін кәпір болмайды, бірақ иманынан айырылады, егер сол күйі дүниеден озса, кәпірлермен бірге мәңгі-бақи тозақта қалады», - деп кескінді үкім айтқан (Қади Абдулжаббар, 1965, 697-705 бб.).

Қазіргі батыстық исламтану зерттеулерінде де матуриди мектебінің иманды ең алдымен жүрекпен бекіту (ішкі растау) ретінде түсіндіргені және амалды иманның мәнінен бөлек қарастырғаны атап көрсетіледі (Рудольф, 2015). Ульрих Рудольф матуриди мектебінің сунниттік теологиядағы ерекшелігі иман мәселесінде сенім мен амалды ажырата қарастыруында екенін және бұл ұстаным кейінгі ханафи-матуриди мектебінің негізгі белгілерінің біріне айналғанын көрсетеді.

Ханафи-матуриди ғалымдарының ұстанымы бойынша, «иман» мен «амал» арақатынасы - діндегі ғибадаттар мен игі істердің қабыл болуының басты шарты жүрек пен тілдегі иман екендігі тұрғысынан және діндегі намаз, ораза, зекет және қажылық сынды міндетті амалдардың парызығына иман келтіру тұрғысынан тұжырымдалады. Сондықтан да, діндегі парыздығы кесімді болған амалдарға иман келтіру мұсылмандықтың басты шарттарының бірі болады (Ән-Нәсәфи, 2011). Яғни, кез-келген парыз амалдың парыздығын жоққа шығару күпірлік болады. Осы мәселеге қатысты Ы. Алтынсарин былай деген: «Бірақ әрбір жақсы амалдардың да асыл түбі иманнан, яғни инанудан келеді. Имансыз еткен жақсылықтың пайдасы жоқ. Мәселен, біреу намаз оқыса да, ол намаздың керектігін көңілі дұрыстамаса, әлбетте, ол намаз болып табылмас», сондай-ақ: «Бұл растамақ дегеніміз, жалғыз «Құдай Тағала бар, Мұхаммед хақ пайғамбар» деп айту ғана емес, пайғамбарды хақ деп біліп һәм ол пайғамбарымыз алейһис-сәләмнің Алла Тағала жанбунан алып келген қанша парыз бұйрықтары болса, мәселен, намаз, руза рәуішті, осылардың бәрін де тілмен рас деп айтып һәм шын көңілмен растығына сенбек. Мәселен, біреу Құдай Тағаланың жанбунан алып келген намаз, руза рәуішті бұйрықтарды растамаса немесе растығына көңілі бос болып шек кылса да кәпір болар». Дегенмен, парыз амалдың парыздығына иман келтірген соң, оны жалқаулық немесе немқұрайлықпен орындамаған адам кәпір болмайды, күнәһар болады. Ал амалдардың қабыл болуының басты шарты жүрек пен тілдегі иман екендігіне қатысты Мұсылмандық кітабында: «Егер де иман дұрыс болмаса, қанша құлшылық, ғибадат қылынса да, ол қабыл болмайды», - деп айтылған (Алтынсарин, 2014, 6-7 бб.).

Аталған қос еңбекте иманға қатысты айтылған тағы бір маңызды мәселе, иман сөзін айтқан адамның иманы қабыл болуы үшін айтқан сөзінің мағынасын біліп, түсініп айтуы керектігі.

Бұл шартты Ы. Алтынсарин кітабында: «Мүмін мұсылманның мұсылман аталуы құр мұсылман киімін киіп, мұсылман арасында жүргеннен емес. Әуелі иманды болып, ол иман деген не екеніне түсініп, түсінген соң сол иман ішіндегі сөздерді шексіз шын көңілмен дұрыс деп білген кісіні мұсылман деп атайды», - деп түсіндірген (Алтынсарин, 2014, 6 б.). «Мұсылмандық кітабы» еңбегінің иман бөлімінде кәлиманың арабша нұсқасы мен қазақша мағынасын келтірген соң, артынша: «Мұны мағынасын білмей құры айтқаныңменен иман болмайды», - деген (Құдайбердіұлы, 2014, 13 б.). Бұл шартты классикалық дәуірде жазылған ақида және фикһ кітаптарынан кездестіруге болады. Мысалы Әбу-л-Муғин ән-Нәсәфи өзінің Бахру-л-кәләм атты еңбегінде Имам Мұхаммед әш-Шайбанидің әл-Жәмиғ әл-Кәбир атты кітабына сілтеме жасап, мына сөзді келтірген: «Қайсыбір адам жас әйелге үйленгенде ол кәмелетке толып, бой жетсе, одан иманның шарттары жайлы сұралады, егер ол иман шарттарын сипаттап айтып берсе, оның әйелі болады, (яғни неке дұрыс болады). Ал егер білмесе немесе «білмеймін» деп айтса, онда одан толығымен ажырайды». Имам ән-Нәсәфи Имам Мұхаммедтің осы сөзін келтірген соң: «Алайда біз былай дейміз: Сол жас әйелге иманның шарттары сипатталып айтылады, егер ол сол шарттарды ұғып білсе, оның әйелі болады, ал егер сонда да ұғып білмесе, немесе ұқпай «білмеймін» деп айтса, одан толығымен ажырайды», - деп, иман шарттарын ұқпаған, білмеген қызға алдымен оларды айтып, түсіндіру керектігін, егер сонда да түсінбесе, онда оның әйелдікке жарамайтынын айтқан (Әбу-л-Муғин ән-Нәсәфи, 2000). Мұнда оның әйелдікке жарамауы мүмін-мұсылман болмағандығы себепті, яғни иман сөзі мен иман шарттарын білмегендігі, тіпті өзіне айтып білдірілген күннің өзінде ұқпағандығы себепті болып тұр.

Ш. Құдайбердіұлы иманның «жеті рүкіні бар», - деп иманның шарттарын Ханафи мәзһабының үрдісімен баяндайды (Құдайбердіұлы, 2024, 13 б.). Ал, Ы. Алтынсарин де дәл солай иманның жеті бірдей шартын тізіп жазады, яғни иманның алтыншы шартынан кейін өлімнен соң қайта тірілудің хақ екеніне сенеміз дейді (Алтынсарин, 2014, 8 б.). Бұл жетінші шартты ғалымдарымыз өлімнен кейін қайта тірілу тек қана рухани тұрғыдан болады деп сенген мұсылман философтарға жауап ретінде, қайта тірілудің рухпен, тәнмен бірге болатындығына баса назар аудару мақсатында ерекшелеп айтса керек,

әйтпесе қайта тірілудің иманның бесінші шарты болған ақыретке сенудің аясында пайымдалатындығы белгілі.

Иман ұғымы бойынша осы тұсқа дейін айтылған барлық мәселелердің екі кітапта бірдей айтылғанын көрдік. Ендігі кезекте біреуінде айтылып, екіншісінде айтылмаған жекелеген мәселелерге келсек, Ш. Құдайбердіұлы «Мұсылмандық кітабында» әрқашан шын ықыласпен нанып, иман айтып жүру керектігін айтады және бұл сөзін: «Әй, достар! Осы иманды әрқашан айтып, салақ болмай жүру керек», - деп қайталап, нақтылайды (Құдайбердіұлы, 2024, 13-14 бб.). Бұл сөзінің астарында Мұхаммед пайғамбардың сахабаларына «лә иләһә илл-Алла» сөзін көп айтып, имандарынды жаңартып жүріңдер деген өсиеті жатқанын аңғаруға болады. Иә, иманды жаңартып түру өте маңызды мәселе, өйткені басқа бір хадисте: «Көкіректеріндегі иман бейне бір киімнің тозғанындай тозады...», - деп айтқан (Нәсируддин әл-Әлбәни, 2004. Хадис нөмірі: 988 (сахих: 1585).

1-кесте

Иман мәселелері бойынша екі автордың ұстанымдары

Мәселе	Ы. Алтынсарин	Ш. Құдайбердіұлы
Иманның мәні	Тасдиқ бил-қалб	Тасдиқ бил-қалб
Тілмен айту	Шарт	Шарт
Мағрифа	Міндет	Міндет
Амал	Иманнан бөлек	Иманнан бөлек
Иман шарттары	7	7
Иман жаңарту	Аз айтылған	Аса назар аударған

«Мұсылманшылықтың тұтқасы» кітабында иманның дәреже тұрғысынан үш түрлі болатындығы айтылған. Атап айтқанда, ең жоғарғысы «тахқиқи» иман, одан кейінгі «истидләли» иман, ең төменгі деңгейі «тақлиди» иман екендігі айтылады. «Тахқиқи» иман - ең кәміл, мызғымас иман. Басқаша айтқанда, әулие-әнбиелердің иманы. Иманның бұл деңгейін Ы. Алтынсарин былай сипаттаған: «Бұл иман тахқиқи дегеніміз сондай иман хазірет Расул Алла Тағаланың жан-бунан алып келген бұйрықтарын бекер деп бүтін дүние жұрты сөйлеп тұрса да, ол жақсы адам сол растаған қалпынан көңілі заррадай қозғалып қайтпас. Бұл иман – кәміл иман, Құдай Тағала қасында зор мәртебедегі адамдардың иманындай» (Алтынсарин, 2014, 7 б.).

«Тахқиқи» иманнан кейінгі деңгейде «истидләли» иман келеді. «Истидләли» иман - дәлел-дәйекке негізделген иман. Мұны Ы. Алтынсарин: «Екінші түрі - иман истидләли деген. Құдай Тәбарака уә Тағаланың барлығын һәм бірлігін дәлелменен, ақылмен ойлап болып рас түтуды айтады...», - деп түсіндірген (Алтынсарин, 2014, 7 б.). Дәлелдің өзі екі деңгейден тұрады, «ижмәли» дәлел және «тафсили» дәлел. «Ижмәли» дәлелге кез-келген адам ақыл-ойымен пайымдап, тұжырымдай алатын жалпылама дәлелдер жатады. Мысалы жаратылысқа, соның ішінде ғарышқа, тау-тасқа, табиғатқа, ондағы жан-жануарларға қарап, ой жүгіртіп, соның бәрін жасаған күдіретті күштің бар екенін пайымдау сынды. Сондай-ақ кез-келген сау ақыл иесі қабылдайтын қарапайым логикалық қисынды дәлелдерді де «ижмәли» дәлелге жатқызуға болады. Мысалы, ешнәрсе өздігінен жоқтан бар болмайды, кез-келген нәрсенің жасаған иесі болады, деп кез-келген нәрсені алға тарта отырып, Жаратушының бар екеніне қатысты қисынды дәлел келтіруге болады. Ал «тафсили» дәлел деп, пәлсапалық терең һәм күрделі ой-тұжырымдар тізбектері арқылы алға тартылатын рационалды дәлелдерді айтамыз. Дәлелдің бұл түріне философтар қолданған «имкән» дәлелі мен мутәкәллимдер қолданған «худус» дәлелін жатқызуға болады. Мутәкәллим ғалымдардың ұстанымы бойынша, әрбір саналы мұсылманға ең төменгі деңгейдегі тақлиди иманнан жоқ дегенде, «ижмәли» дәлелге негізделген «истидләли» иман деңгейіне көтерілу міндетті болады. Ыбырай Алтынсарин бұл ұстанымды: «Бұл рәуиште иман келтірмек әркімге уәжіп, уәжіпті орнына келтірмегендер күнәһар болар», - деп жеткізген (Алтынсарин, 2014, 8 б.). Өйткені «тақлиди» иман - дәлел-дәйексіз, білімсіз құры еліктеушінің иманы. Ондай иман иесінен не үшін мұсылмансың, деп сұралса, ата-анам, ата-бабам мұсылман дегеннен басқа айтар жауабы да, дәлел-дәйегі де болмайды. Сондықтан ондай иманға әркез қауіп төніп тұрады, кез-келген уақытта күмән ұялауы мүмкін. Сондықтан да, ғалымдарымыз дін-иманның негіздері мен дәлелдерін үйренбей, білмей өмір бойы «тақлиди» иманмен жүрген мұсылман күнәһар болады деген. Дегенмен, жалпы әһлі сүннет ғалымдары тақлиди иманның қабыл болатындығына бір ауыздан келіскен (Сирожиддин әл-Ғазнауи, 2009, 36-38 бб.). Бірақ оның қабыл болуының бір шарты бар. Ол - «тақлид» табанды болу керек деген шарт. Егер «тақлиди» иманда табандылық болмаса, ондай солқылдақ,

күмәншіл иман қабыл болмайды. Мұны Ы. Алтынсарин былай баяндаған: «Үшінші бір түрі - иман тақлиди. Бұл иман – өз ақылымен Құдайды танымайынша, ата-бабаларының ұстап келе жатқан жолы ғой деп иман келтіргендердің иманы болар. Әрине, бұл иман надан халықта болады, соның үшін ең әлсізірегі болса керек. Өзі еш нәрсеге түсінбей, біреудің сөзіне, мысалына еріп іс етуші кісі және бір айыпты шайтандай азғырушыға жолықса, бұл азғырушыға және еріп кетіп, діннен шығуы да жеңіл болғаны үшін. Бірақ осылайша әлсіз, қауіп-қатері көбірек иман болса да, Құдай Тәбаракка уә Тағала бұл иманды да дұрыс деген», - деп, Құдай Тағаланың дәрегейінде қабыл болатын табанды «тақлиди» иманды меңзеген. (Алтынсарин, 2014, 8 б.). Ал тақлиди иманның табанды, яки солқылдақ екенін қалай анықтаймыз дегенде, ғалымдарымыз «тақлиди» иман иесіне қарапайым сұрақ қою арқылы анықтаймыз деген. Яғни, ата-анасы және ата-бабасы мұсылман болғаны үшін өзін мұсылман санайтын адамнан: «Егер сенің әкең немесе анаң, яки екеуі бірдей ата-бабасының дінін тастап, өзге дінге өтіп кетсе, сен де солармен бірге кетесің бе, әлде ата-бабаңның дініне берік болып қаласың ба?», деп сұралады. Егер ол: «Жоқ, ата-бабамның дінінде қалам», деп кесімді жауап айтып, иманында табандылық танытса, оның иманы қабыл болатын «тақлиди» иманға жатады. Ал егер «білмеймін, көремін, бәлкім ата-анаммен бірге өзге дінге өтемін», дегендей иманда күмәншілдік пен солқылдақтық танытатын болса, ондай табансыз «тақлиди» иман қабыл болмайды.

Иман ұғымының қазақ тіліндегі семантикалық қолданысы өте кең. Ыбырай мен Шәкәрім кәләм ілімімен классикалық бағытта түсіндірсе, қазақ халдық күнделікті өмірде бұл ұғымды әлдеқайда кең мағына қолданғандығы мәлім. Қазақ дүниетанымында иман сөзін қолданып құралған бірнеше теңеулер бар. Мысалы: иманды адам, иманжүзді адам, имансыз, иманы жолдас болсын, иман үйіру, т.б. (Қайдар, 2013; Бабалар сөзі, 2011). Осыдан-ақ, иман сөзінің қазақ лексикасы мен этномәдениетіне терең сіңген ұғым екендігін көре аламыз. Яғни, кәләм ілімінде иман – жүректегі сенім болса, қазақы түсініктегі иман – сеніммен қатар ар, ұят, адамгершілік, мінез түсінігін де білдіреді.

Қорытынды және тұжырымдама

Қазақтың дәстүрлі діни санысында иман ұғымы классикалық ханафи-матуриди теоло-

гиясындағы сенім мағынасын сақтай отырып, этикалық-моральдық мазмұнмен толыға түскен. «Мұсылманшылықтың тұтқасы» және «Мұсылмандық кітабы» атты қос еңбектегі иман ұғымы және иманның түпкі мәні мен ақиқаты жайлы ой-тұжырымдардың ханафи-матуриди мәзһабының ұстанымдарына сай жазылғанын көрдік. Аталған екі еңбектің ең басты діни-идеялық құндылығы да осы деп айтуға болады. Зерттеу барысында екі еңбекте де кәләм ілімі аясында қалыптасқан ханафи мәзһабы ғалымдарының классикалық еңбектеріне тән теологиялық ұғымдар мен әдіснамалық тәсілдердің көрініс тапқаны байқалды. Зерттей келе аталған екі еңбек те классикалық ақида кітапынан ханафи-матуридилік мектепке тән деп бағаланады. Еліктеуші иманның белгілі бір деңгейде жарамды деп саналуы да бұған дәлел бола алады. Сондай-ақ, аталған қос еңбекте иман шарттарының да жетеу деп айтылуы да классикалық ханафи-матуридилік бағытқа тән. Иманның тақлиди, истидләли, тахқиқи деп бөліп қаралуы бұл еңбектердің жәй танымдық кітап емес, ғылыми терең еңбектер екендігін көрсетеді. Бұл еңбектер шарх (баян) стилі емес, мәтіндік стильге жақын жазылғандығы да байқалады. Және де ғалымдардың ақидалық кей терминдерді аудармай қолдануы және Құран аяттарын да арабша қалдыруы сол кездегі діни сауаттың деңгейін көрсетеді. Жалпы алғанда бұл еңбектер мектептік тұрғыдан басқа ханафи-матуридилік еңбектерден ерекшеленбейді. Алайда, жеткізу тұрғысында ерекшеліктер бар. Мысалы, иман ұғымын исламның парыздарының бірі ретінде түсіндіріп қана қоймай, оны адамгершілік пен қоғамдық жауапкершілікке байлап қарауы Құран мен сүннетке сай болғанымен, көп классикалық ақида кітаптарында кездесе бермейтін әдіс. Әсіресе Шәкірімнің иман ұғымын негіздеуі ихсан ілімімен байланысты өрбігені жиі байқалады. Бүгінде елімізге түрлі бағыттағы ислами ойлар толаусыз кіріп жатқан тұста өзіміздің дәстүрлі түсінікке сай діни еңбектерімізді таныту маңызды. Қазақ халқының исламға жақындығын ескерер болсақ, «Мұсылманшылықтың тұтқасы» мен «Мұсылмандық кітабы» еңбегінің сапалы нұсқада қайта басылуы мен кең түсіндірілуі күніміздегі маңызды жұмыстардың бірі десек болады. Аталған еңбектер қарапайым мұсылманның базалық діни білім қажеттілігін өтейді. Алайда, еңбекті әрбір адам оқуына қолжетімділігі жұмыс жасалуды талап етеді. Мысалы, түпнұсқадан қарағанда ауытқулардың көптігі мен сапасыз басылымдар, еңбектердің түсіндірмесіз

басылуы оқырманға қолжетімсіз болуына әсер етеді деп білеміз.

Қорыта айтқанда, Ыбырай Алтынсарин мен Шәкәрім Құдайбердіұлының иман туралы көзқарастары исламдық сенім дәстүрімен сабақтасып, қазақ халқының діни дүниетанымының қалыптасуында маңызды орын алған әрі ұлттық рухани құндылықтар мен исламдық ғылыми мұраны тоғыстырған құнды мұра болып табылады.

АЛҒЫС

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті тарапынан №BR24993035 – «Қазақстандағы дәстүрлі ислам: ғылыми-тәжірибелік негіздері мен дамыту жолдары» атты бағдарламалық-нысаналы ғылыми жоба аясында қаржыланды.

Авторлар үлесі

Әкімханов Асқар Болатбекұлы: концептуализация және деректерді өңдеу, зерттеу процесін жүргізу, жобаны басқару, мақаланың бастапқы нұсқасын жазу, мәтінді редакциялау және толықтыру.

Купешова Гүлнұр Қуанышқызы: бақылау, әдістеме әдістемелік әзірлеу, зерттеу, ресми талдау, нәтижелерді тексеру, мәтінді редакциялау және толықтыру.

Анарбаев Нұрлан Сайлауұлы: концептуализация және деректерді өңдеу, зерттеу процесін жүргізу, жобаны басқару, мақаланың бастапқы нұсқасын жазу, мәтінді редакциялау және толықтыру.

Ахмед Хасан: концептуализация және деректерді өңдеу, зерттеу процесін жүргізу, жобаны басқару, мақаланың бастапқы нұсқасын жазу, мәтінді редакциялау және толықтыру.

Әдебиеттер

Nysanbayev, N., Sadykov, E., & Kurmanbayev, E. (2016). Kazakh philosophy: from Abai to Shakarim. *International journal of environmental & science education*, 11(10), 3661-3669.

Ulrich, R. (2015). *Al-Maturidi and the Development of Sunnī Theology in Samarqand*. Brill.

Алтынсарин Ы. (1995). *Таңдамалы шығармалары*. Жазушы.

Алтынсарин Ы. (2014). *Мұсылманшылықтың тұтқасы (Шарайту-л-ислам)*. Фатима-принт.

Әбу Ханифа (2009). *Әл-фиqh әл-әкбәр*. Дәр әс-сәләм.

Әбу-л-Муғин ән-Нәсәфи (2000). *Бәхрул Кәләм*. Мәктәбәту дәрил Фурфур.

Әбу-л-Муғин ән-Нәсәфи (2011). *Табсиратул әдиллә*. Әл-Мактабатул Азһария лит турос.

Әкмәлуддин Мухаммед Әл-Бәбәрти әл-Ханафи (2009). *Шарху Уасыяти Әби Ханифа*. Дарул фатх.

Әкімханов А. (2019). *Әбу Мансур әл-Матуридидің иман мәселелеріне қатысты ғылыми тұжырымдары*. Нұр-Мұбарак баспасы.

Әл-Матуриди (2005). *Китәб әт-таухид*. Дәр әл-кутуб әл-илмия.

Әш-Шахристани (1992). *Әл-миләл уә ән-нихәл*. Дәр әл-мағрифә.

Бабалар сөзі (2011). Фолиант, 78, 432.

Қади Абдулжаббар (1965). *Шарх әл-усул әл-хамса*. Мактабат уахба.

Қайдар Ә. (2013). *Қазақтар ана тілі әлемінде*. Сардар.

Құдайбердіұлы Ш. (2024). *Мұсылмандық кітабы*. Marfu Press.

Мулла Али Қари (2020). *Дауул мағали ли бәдил әмәли*. Дәру лубәб.

Нәсируддин әл-Әлбәни (2004). *Силсиләту әхәдисә әс-сахихә*. Мәктәбәту линнәшр.

Сирождин әл-Ғазнауи (2009). *Шарху ақидатул имам әт-Таһауи*. Дарат әл-караз.

Смагулов Н.А. (2025). *Шәкәрім Құдайбердіұлының фиқһи көзқарастарының қалыптасу негіздері («Мұсылмандық кітабы» еңбегі негізінде)*. Нұр-Мұбарак баспасы.

References

Abu Hanifa (2009). *Al fiqh al-akbar* [The greatest fiqh (Islamic Law)]. Dar as-salam. (in Arabic)

Abu-l-Mugin an-Nasafi (2000). *Bahru-l Kalam* [Sea of Speech]. Maktabatu Daril Furfura. (in Arabic)

Abu-l-Mugin an-Nasafi (2011). *Tabsiratul adilla* [Insight into the Evidences]. Al-Maktabatul Azhariya lit tuross. (in Arabic)

Akimkhanov A. (2019). *Abu Mansur al-Maturididin iman maselelerine qatysty ilymi tuzhyrymdary* [Abu Mansur al-Maturidi's scientific conclusions on matters of faith]. Nur-Mubarak. (in Kazakh)

Akmaluddin Mukhammad Al-Babarti al-Khanafi (2009). *Sharhu Uasyiyati Abi Hanifa* [Explanation of the will of Abu Hanifa]. Darul fath. (in Arabic)

Al-Maturidi (2005). *Kitab at-tauhid* [The Book of Monotheism]. Dar al-kutub al-ilmia. (in Arabic)

Altynsarin, Y. (1995). *Tandamaly shygarmalary* [Selected works]. Zhazushy. (in Kazakh)

Altynsarin, Y. (2014). *Musylmanshylyqtyn tutqasy (Sharaitu-l-islam)* [Islamic law]. Fatima-print. (in Kazakh)

Ash-Shahristani (1992). *Al-milal wa an-nihal* [Boredom and bees]. Dar al-magrifa. (in Arabic)

Babalar sozi [Word of ancestors] (2011). Foliant, 78, 432. (in Kazakh)

- Kadi Abdulzhabbar (1965). *Sharh al-usul al-hamsa* [Explanation of the five principles]. Dar as-salam. (in Arabic)
- Mulla Ali Qari (2020). *Dauul magali li badil amali* [The light of excellence to begin hopes]. Daru lubab. (in Arabic)
- Nasiruddin al-Albani (2004). *Silsilatu ahadisi as-sahiha* [The Series of Authentic Hadiths]. Maktabatu linnashr. (in Arabic)
- Nysanbayev, N., Sadykov, E., Kurmanbayev, E. (2016). Kazakh philosophy: from Abai to Shakarim. *International journal of environmental & science education* 11(10), 3661-3669.
- Qaidar A. (2013). *Qazaqtar ana tili aleminde* [Kazakhs in the world of their native language]. Sardar. (in Kazakh)
- Qudayberdiuly Sh. (2024). *Musylmandyq kitabı* [The Muslim Book]. Marfu Press. (in Kazakh)
- Sirozhiddin al-Ghaznawi (2009). *Sharhu aqidatul imam at-Tahawi* [Explanation of the aqida of the Tahawi Creed]. Darat al-karaz. (in Arabic)
- Smagulov N.A. (2025). *Shakarim Qudayberdiuly'nyn fiqqi kozqarastarynyn qalyptasu negizderi («Musylmandyq kitabı» enbegi negizinde)* [The foundations of the formation of Shakarim Kudaiberdiuly's jurisprudential views (based on the work «The Muslim Book»)]. Nur-Mubarak. (in Kazakh)
- Ulrich, R. (2015). *Al-Maturidi and the Development of Sunnī Theology in Samarqand*. Brill.

Авторлар туралы мәлімет

- Әкімханов Аскар Болатбекұлы – PhD, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті ислам ілімдері факультеті исламтану кафедрасының профессоры, Алматы, Қазақстан, e-mail: akimhan.ilyas@gmail.com.
- Купешова Гүлнұр Қуанышқызы (корреспондент автор) – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің оқытушысы, PhD докторант, Алматы, Қазақстан, e-mail: gulnur.kupeshova@bk.ru.
- Анарбаев Нұрлан Сайлауұлы – PhD, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті ислам ілімдері факультеті исламтану кафедрасының профессоры, Алматы, Қазақстан, e-mail: nurmen97@mail.ru.
- Хасан Ахмед – PhD, әл-Әзһар университеті, ислам дағуаты факультетінің доценті, Каир, Египет, e-mail: AhmedOmer133@azhar.edu.eg.

Information about the authors

- Akimhanov, Askar Bolatbekuly – PhD, Professor of the Department of Islamic Studies of the Faculty of Islamic Studies, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan, e-mail: akimhan.ilyas@gmail.com.
- Kupeshova, Gulnur Kuanyshkyzy (corresponding author) – PhD student of the Department of Islamic Studies of the Faculty of Islamic Studies, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan, e-mail: gulnur.kupeshova@bk.ru.
- Anarbayev, Nurlan Sailauuly – PhD, Professor of the Department of Islamic Studies of the Faculty of Islamic Studies, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan, e-mail: nurmen97@mail.ru.
- Hassan, Ahmed – PhD, Acting Associate Professor of the Faculty of Islamic Da'wah, Al-Azhar University, Cairo, Egypt, e-mail: AhmedOmer133@azhar.edu.eg.

Сведения об авторах

- Акимханов Аскар Болатбекұлы – PhD, профессор кафедры исламоведения факультета исламских наук Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, e-mail: akimhan.ilyas@gmail.com.
- Купешова Гүлнұр Қуанышқызы (автор-корреспондент) – PhD докторант кафедры исламоведения и факультета исламских наук Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, e-mail: gulnur.kupeshova@bk.ru.
- Анарбаев Нұрлан Сайлауұлы – PhD, профессор кафедры исламоведения факультета исламских наук Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, e-mail: nurmen97@mail.ru.
- Хасан Ахмед – PhD, ассоциированный профессор факультета исламского призыва (да'вата) Университета аль-Азхар, Каир, Египет, e-mail: AhmedOmer133@azhar.edu.eg.

2025 жылы 16 тамызда тіркелді.
2026 жылы 20 маусымда қабылданды.

Р. Мұхитдинов¹ , Б. Бердмұрат^{1*} ,М. Махмет¹ , Д. Махмудин²¹Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан²Малайя университеті, Куала-Лумпур, Малайзия

*e-mail: bekbolat.berdmurat@mail.ru

ШОРТАНБАЙ ҚАНАЙҰЛЫНЫҢ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ДІНИ ДИСКУРС: ТЕОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

Халықтың руханияты мен діни бағыты, ұлттық ерекшеліктері ғасырдан ғасырға әдеби мұра арқылы жетіп отырған. Ақындар өлеңтілімен насихат, тәлім-тәрбие, құқық пен діни құндылықтарды көркем бейнеде ұсынған. Осы орайда қазақ халқының ислам дініне қатысты көзқарасы мен рухани практикасының поэтикалық бейнесі ақын-жыраулардың поэзиясынан көреміз. Соның бірі он тоғызыншы ғасырда өмір сүрген Шортанбай Қанайұлы. Шортанбай ақын ғана емес, сонымен қатар діни қайраткер болған. Бұл мақалада Шортанбай Қанайұлының поэзиялық туындыларының бірі «Атамыз Адам пайғамбар» деп басталатын өлеңіне теолінгвистикалық талдау жасалады. Бұл өлеңде діни танымдар және ғибадаттар, адам баласының рухани болмысы, сонымен қатар өмірдің өткіншілігі ұлттық таныммен ұштастырыла баяндалған. Теолінгвистикалық жағынан алғанда, өлеңде ислам парыздары, Құдайға сенім және дүниенің жалғандығы секілді діни концепттер негізге алынған. Мақалада ақынның қолданған ислами терминін ислам әдебиетінен мысалдар беріледі. Сонымен қатар исламда сакралды қайнар көз саналған Құран мен сүннеттен де мысалдар ұсынылады. Ақынның өлеңіндегі қолданылған метафоралар, бейнелі сөздерді де талдап түсіндіретін боламыз. Ислами терминдердің анықтамасы анық, түсінікті тілде ұсынылады. Бұл мақала арқылы қазақ ұлтының діни наным, ұлттық құндылықтары анық түсіндірілген. Қазіргі салааралық зерттеулер аясында дін мен тілді, дін мен әдебиетті бірге қарастырып, ақындардың жырлары арқылы мұсылмандық қазақ ұлтының негізгі ұстанымы болғанын, ұлттық наным мен діні біте қайнасқанын көрсетеді.

Түйін сөздер: әдебиет, рухани, Құдай, пейіш, тамұқ

R. Mukhitdinov¹, B. Berdmurat^{1*}, M. Makhmet¹, D. Mahyudin²¹Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan²University Malaya, Kuala-lumpur, Malaysia

*e-mail: bekbolat.berdmurat@mail.ru

Religious Discourse in the Poetry of Shortanbai Qanayuly: A Theolinguistic Analysis

Spirituality and religious orientation of the people, national characteristics were passed down from century to century through literary heritage. Poets presented propaganda, education, law and religious values in an artistic form through the language of poetry. In this regard, we can see the poetic image of the attitude of the Kazakh people towards Islam and spiritual practices in the poetry of the poets-zhyrau. One of them was Shortanbai Kanayuly, who lived in the nineteenth century. Shortanbai was not only a poet, but also a religious figure. This article presents a theolinguistic analysis of one of Shortanbai Kanayuly's poetic works, the poem "Atamyz Adam Paigambar", which begins with these words. This poem describes religious beliefs and worship, the spiritual nature of man, as well as the transience of life in combination with national beliefs. From a theolinguistic point of view, the poem is based on religious concepts such as Islamic duty, faith in God and the falsehood of the world. The article gives examples of Islamic terms used by the poet in Islamic literature. In addition, examples from the Quran and Sunnah, which are considered sacred sources in Islam, are presented. We will analyze and explain the metaphors and figurative words used in the poet's poems. The definitions of Islamic terms are presented in a clear and understandable language. This article clearly explains the religious beliefs and national values of the Kazakh nation. In the context of modern interdisciplinary research, religion and language, religion and literature are examined together, and through the poet's poems, it is shown that the main principle of the Kazakh nation was Muslim, and that national beliefs and religion were completely intertwined.

Keywords: Literature, Spiritual, God, Paradise, Hell

Р. Мұхитдинов¹, Б. Бердмурат^{1*}, М. Махмет¹, Д. Махиудин²

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан

²Университет Малайя, Куала-Лумпур, Малайзия

*e-mail: bekbolat.berdmurat@mail.ru

Религиозный дискурс в поэзии Шортанбая Канайулы: теолингвистический анализ

Духовность и религиозная направленность народа, национальные особенности передавались из века в век через литературное наследие. Поэты представляли пропаганду, образование, право и религиозные ценности в художественной форме посредством поэтического языка. В этом контексте мы можем увидеть поэтический образ отношения казахского народа к исламу и духовным практикам в поэзии поэтов-жырау. Одним из них был Шортанбай Канайулы, живший в XIX веке. Шортанбай был не только поэтом но и религиозным деятелем. В данной статье представлен теолингвистический анализ одного из поэтических произведений Шортанбая Канайулы, поэмы «Атамыз Адам пайғамбар» которая начинается этими словами. А также бренность жизни в сочетании с национальными верованиями. С теолингвистической точки зрения поэма основана на религиозных понятиях таких как исламский долг, вера в Бога и ложь мира. В статье приводятся примеры из Корана и Сунны, которые считаются священными источниками в исламе. Проанализированы и объяснены метафоры и образные слова, используемые в стихах поэта. Определения исламских терминов представлены ясным и понятным языком. В данной статье также раскрыты особенности религиозных верований и национальные ценности казахской нации. В контексте современных междисциплинарных исследований религия и язык, религия и литература рассматриваются вместе, и на примере стихов поэта показано, что главным принципом казахской нации был ислам, и что национальные верования и религия были полностью переплетены.

Ключевые слова: литература, духовность, Бог, рай, ад

Кіріспе

Әр халықтың рухани дүниетанымын, діни мұрасын, имани құндылықтарын, әлеуметтік идеялары мен этикалық нормаларын ғасырлар бойы сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған дүниесі – оның әдеби мұрасы.

Қазақтың ақын-жыраулары – тек көркем сөз иелері емес, халықтың жадын, тарихи санасын, моральдық-құқықтық өлшемдерін, діни-философиялық ойлауын қалыптастырған қоғамдық институт. Әдеби мұра шежіре, насихат, ғақлия, тәлім-тәрбие, құқық пен дін сабақтарын өлең тілімен ұсынды.

Діnniң когнитивтік бейнесін тіл арқылы зерттейтін болсақ, осы зерттеудің ең маңызды материалы да әдеби шығармалар екендігі анық.

Ислам өркениеті Қазақ даласында кең қанат жайғаннан кейін ақида, шариғат, ахлақ, сопылық секілді діни ілімдер халық санасына, болмысына, мәдениетіне поэтикалық тіл арқылы да сінді. «Жалғыз Құдай», «Әуелі Алла», «ақырет», «сауап пен күнә», «обал мен ұят», «жаннат пен тозақ», «иман шарттары», «ниет», «тәубе», «парыз, уәжіп, сүннет», «адал-харам», «нәпсімен күрес», «әділет» секілді исламның діни-этикалық ұғымдары тұрмыс пен дәстүрде орнығып, әдеби шығармаларда көрініс тапты.

Поэзия қазақтың көшпелі өмір салтында діни мәтінді де ең орнықты тасымалдаушы қыз-

мет атқарды. Сондықтан біздің жыраулар мен ақындар уақиғалық жырларды ғана емес, имани тақырыптарды да қара өлең, толғау, терме және қисса-дастан түрлерімен жеткізіп, халықтың діни дүниетанымын қалыптастыруға ат салысты. Құдайдың жалғыздығы, Аллаға иман, пайғамбарларға иман, ақыретке сенім, жұмақ пен тамұқ секілді негізгі сенім қағидалары; намаз, ораза, зекет, қажылық, адал неке, адал ас секілді амал-ғибадат ұғымдары; ата-анаға қызмет, адалдық, кішіпейілдік, қайырым, ынсап, адал мен арам, обал мен сауап секілді ихсан құндылықтары ақын-жыраулардың шығармаларында орын алды. Бұлар халықтың дүниені «иман – ислам – ихсан» немесе «сенім – ғұрып – мінез» ұштағаны арқылы қабылдауын қалыптастырды.

Ақындар халықтың діни дүниетанымын жеткізуде дидактикалық-насихаттық қызмет те атқарды. Кейде жалпы шығармада діни мәселелер жанамалап айтылса, кейде арнайы дін тақырыбында жыр да жазылды. Діни өлеңдер көбіне тікелей үндеу, ғибрат, насихат формасында беріледі. Діни жыр жазған ақындардың миссиясы – адресат (оқырман/ тыңдаушыны) Құдайға деген иманға, күнделікті ғибадатқа, нәпсіні тәрбиелеуге, әділет пен мейірімділікке шақыру болды. «Ақты Құдай шешіпті», «Тәңірім үйі мешітті», «Құдайдан қорықпағаннан қорық», «Дін мұсылман баласы», «Жалғыз Жаратушы» «Құдайсыз қурай да сынбайды», «Аққа Құдай жақ»,

«Тазалық – иманнан» секілді мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер ақын тілінде ұдайы ұшырасады.

Мақалада Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының (ҚМДБ) ресми пәтуа порталы fatua.kz-тің онлайн-пәтуалары сыни дискурс-анализ (СДА) тұрғысынан зерттеледі; цифрлық діни авторитет пен «мемлекет бекіткен ислам» дискурсы посткеңестік Қазақстанда өзекті мәселе болып қала береді. Зерттеудің мақсаты – fatua.kz пәтуаларының тілдік-риторикалық құрылымы мен дискурстық стратегияларын ашу; негізгі бағыттары – тақырыптық профильді, дәлелдеу базасын, риторикалық схеманы және фреймдерді талдау. Жұмыстың ғылыми мәні – қазақ тілді ислами цифрлық медиадискурсты алғаш рет жүйелі СДА мен есептеуіш-лингвистикалық құралдарды ұштастыра зерделеуінде, тәжірибелік мәні – ҚМДБ цифрлық коммуникациясын түсінуге негіз беруінде. Әдіснамасы негізінен сапалық: Фэрклоудың үш деңгейлі моделі мен Энтманның фреймдеу теориясы; қосымша барлаушы (exploratory) деңгейде автоматты тематикалық жіктеу мен VADER сентимент-анализі (n=192) қолданылды. Дереккөз – порталдың сұрақ-жауап бөлімінен жиналған n=285 пәтуа (2024–2025 жж., орташа 541 сөз); кодтау сенімділігі екінші тәуелсіз кодермен тексерілді (орташа κ=0,74). Зерттеу нәтижесінде ғибадат-ритуал сұрақтары басым (шамамен 46%), дәлелдеу базасы Құран (шамамен 56%) мен хадиске сүйенетіні, пәтуалардың тұрақты алты компонентті риторикалық схеманы ұстанатыны анықталды; VADER нәтижесі (65,6% позитив) мәтін тонының өлшемі емес, алгоритмнің діни-заңдық лексикадағы позитивтілікті асыра бағалайтынын көрсететін әдіснамалық байқау ретінде оқылады. Зерттеудің құндылығы – fatua.kz-тің ресми діни авторитетті бекітетін бірбағытты коммуникациялық арна екенін нақты дискурстық тетіктер (алты компонентті схема, «насс + сүннет» дәлелдеу иерархиясы, кері байланыстың құрылымдық жоқтығы) арқылы эмпирикалық айқындауында. Қорытынды нәтижелер діни білім беру бағдарламаларында, ҚМДБ цифрлық коммуникация стратегиясын жетілдіруде және ислами цифрлық медианы зерттеуде практикалық қолданысқа ие.

Түйін сөздер: Онлайн-пәтуа, дискурс-анализ, fatua.kz, ҚМДБ, цифрлық ислам

Ye. Nussipbayev^{1*}, A. Saeed²

¹Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan

²ICESCO Arabic Language Department, Rabat, Morocco

*e-mail: emussa.kz@gmail.com

Online fatwas of Fatua.kz: a discourse analysis

This article examines the online fatwas of fatua.kz, the official fatwa portal of the Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan (SAMK), through Critical Discourse Analysis (CDA); digital religious authority and the discourse of “state-endorsed Islam” remain a salient issue in post-Soviet Kazakhstan. The study aims to discover the linguistic-rhetorical structure and discursive strategies of fatua.kz fatwas, focusing on the thematic profile, the evidential base, the rhetorical schema, and discursive frames. Its scientific significance lies in the first systematic study of Kazakh-language Islamic digital media discourse combining CDA with computational-linguistic tools, and its practical significance in providing a basis for understanding SAMK’s digital communication. The methodology is primarily qualitative – Fairclough’s three-dimensional model and Entman’s framing theory – complemented at an exploratory level by automated thematic classification and VADER sentiment analysis (n=192). The corpus comprises n=285 fatwas from the portal’s question-and-answer section (2024–2025; mean length 541 words), with coding reliability verified by a second independent coder (mean κ=0.74). The analysis finds a dominance of worship and ritual questions (about 46%), an evidential base resting on the Quran (about 56%) and hadith, and a stable six-component rhetorical schema. The VADER result (65.6% positive) is interpreted not as a measure of tone but as a methodological observation that the algorithm over-detects positivity in religious-legal lexis. The study’s value is its empirical demonstration that fatua.kz operates as a one-directional channel consolidating official religious authority through concrete discursive mechanisms (the six-component schema, the “nass + sunna” evidential hierarchy, and the absence of feedback). The

conclusions are applicable in religious-education programmes, in refining SAMK's digital-communication strategy, and in research on Islamic digital media.

Keywords: Online Fatwa, Discourse Analysis, fatua.kz, SAMK, Digital Islam

Е. Нусипбаев^{1*}, А. Сайед²

¹Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан

²Департамент арабского языка ИСЕСКО, Рабат, Марокко

*e-mail: emussa.kz@gmail.com

Онлайн-фетвы сайта Fatua.kz: дискурс-анализ

В статье онлайн-фетвы официального портала фетв Духовного управления мусульман Казахстана (ДУМК) – fatua.kz – исследуются методом критического дискурс-анализа (КДА); цифровой религиозный авторитет и дискурс «одобренного государством ислама» остаются актуальной проблемой постсоветского Казахстана. Цель исследования – раскрыть языково-риторическую структуру и дискурсивные стратегии фетв fatua.kz; основные направления – анализ тематического профиля, доказательной базы, риторической схемы и фреймов. Научная значимость работы состоит в первом систематическом изучении казахскоязычного исламского цифрового медиадискурса средствами КДА в сочетании с компьютерно-лингвистическими инструментами, практическая – в создании основы для понимания цифровой коммуникации ДУМК. Методология преимущественно качественная: трёхуровневая модель Фэрклоу и теория фреймирования Энтмана; на вспомогательном разведочном (exploratory) уровне применены автоматическая тематическая классификация и сентимент-анализ VADER (n = 192). Корпус – n = 285 фетв из раздела «вопрос-ответ» портала (2024–2025 гг., средняя длина 541 слово); надёжность кодирования проверена вторым независимым кодировщиком (средний κ = 0,74). В результате установлено преобладание вопросов богослужения и ритуала (около 46%), опора доказательной базы на Коран (около 56%) и хадисы, а также устойчивая шестикомпонентная риторическая схема фетв; результат VADER (65,6% позитивных) трактуется не как измерение тона, а как методологическое наблюдение о завышении позитивности религиозно-правовой лексики. Ценность исследования – в эмпирическом выявлении того, что fatua.kz выступает однонаправленным каналом, закрепляющим официальный религиозный авторитет посредством конкретных дискурсивных механизмов (шестикомпонентная схема, иерархия доказательства «насс + сунна», отсутствие обратной связи). Выводы применимы в программах религиозного образования, в совершенствовании стратегии цифровой коммуникации ДУМК и в исследованиях исламских цифровых медиа.

Ключевые слова: Онлайн-фетва, дискурс-анализ, fatua.kz, ДУМК, цифровой ислам

Кіріспе

Цифрлық технологиялардың дамуы діни институттардың ақпарат тарату тәсілін түбегейлі өзгертті. Бүгінгі таңда мұсылмандардың діни сауалдарына жауап беретін ресми онлайн-пәтуа порталдары исламдағы құқықтық дәстүрдің жаңа коммуникациялық арнасына айналды. Банттың (Bunt, 2003) «киберислам» концепциясы бойынша 1990-жылдардан бастап пайда болған ислами веб-сайттар дәстүрлі пәтуа беру практикасын желіге шығарып, жастарға, диаспорадағы мұсылмандарға және жаңа мұсылмандарға қолжетімді етті. Сислер (Sisler, 2009) бұл трансформацияны «пәтуа беру демократизациясы» деп атап, оның исламдағы бедел дағдарысымен байланысты проблематикасын ашып көрсетті. Ресми ислами порталдардың коммуникациялық стратегиясын зерттеу әсіресе посткеңестік контекстте цифрлық дінтану мен медиасоциологияның маңызды бағыты. fatua.kz осы контексттегі ең ірі және ең белсенді қазақстандық ресми ис-

ламдық платформа болып саналады, сондықтан оны зерттеу өзекті.

Қазақстан контекстінде бұл процес ерекше маңыздылыққа ие. 1991 жылғы тәуелсіздіктен кейін ҚМДБ Қазақстандағы жалғыз діни бірлестік ретінде бекіп, 2012 жылы fatua.kz порталын іске қосты. «Мемлекет бекіткен ислам» (state-sponsored Islam) моделіне сәйкес, ҚМДБ ресми пәтуа беруші мекеме ретінде мемлекеттің діни ахуалды реттеудегі стратегиялық серіктесі саналады. Дін істері агенттігінің (2023) деректері бойынша Қазақстанда 82,4% интернет пайдаланушысы бар, бұл онлайн-пәтуа платформасының әлеуетті аудиториясы кең екенін аңғартады.

Қазақстандық ислами интернет-ресурстардың дискурстық ерекшеліктері отандық ғылымда жеткілікті зерттелмеген. Андерсон (Anderson, 1999), Бант (Bunt, 2003; 2018) және Заман (Zaman, 2007) сынды батыстық зерттеушілер ислами онлайн-дискурсты жалпы сипаттады, бірақ Орта Азиялық, атап айтқанда Қазақстандық контекстке назар аударған жұмыстар өте аз. Қазақстандық мұсылман жастарының ресми

діни ресурстарға деген сенімін әлеуметтанулық тұрғыдан зерттеді, алайда дискурс-аналитикалық және лингвистикалық зерттеу әлі жоқ. Осы академиялық алшақтықты толтыру – зерттеудің негізгі мақсаты.

Қазақстандағы ресми онлайн-пәтуа дискурсы посткеңестік трансформация мен ислами ренессанстың қиылысуынан туындады. ҚМДБ-ның ислами цифрлық кеңістіктегі монополиялық ықпалы «мемлекет бекіткен ислам» моделіне сәйкес келеді. Бұл модельде ресми діни институт жалғыз заңды пәтуа беруші мекеме ретінде заңнамамен бекітіледі (2011 жылғы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңы, 17-бап). Мемлекет пен ҚМДБ-ның бірлесе жұмыс істеуі пәтуа дискурсын таза теологиялық мәтіннен әлеуметтік-саяси функциясы бар коммуникациялық актіге айналдырады.

Ислами интернет-ресурстарды зерттеудің академиялық тарихы 2000-жылдардан басталады. Андерсон (1999) алғаш рет мұсылман диаспорасының интернетті пәтуа мен діни кеңес алу үшін қолданатынын байқап, «cyber-умма» концепциясын ұсынды. Бант (2003) ислами онлайн-кеңістікті «киберислам» деп атап, мешіт шеңберінен тыс жаңа діни авторитет орталықтарының туындауын зерттеді. Заман (2007) ислами авторитет мәселесін әлеуметтанулық тұрғыдан зерттеп, ресми ғұламалар мен онлайн пәтуа беруші кәсіпкерлердің арасындағы шиеленісті ашты. Осы зерттеулердің орта азиялық контексте дамуы – Отандық ғылымдағы алшақтық саналады.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Зерттеудің нысаны – fatua.kz порталының онлайн-пәтуа мәтіндері (n=285, 2024–2025 жж.). Зерттеудің пәні – пәтуа мәтіндеріндегі тілдік және риторикалық стратегиялар, фреймдеу механизмдері және дискурстық легитимация. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – fatua.kz пәтуалары алғаш рет жүйелі сыни дискурс-анализ тұрғысынан зерттелуінде. Теориялық маңыздылығы Фэрклоу мен Энтман шеңберлерін Орта Азиялық ислами онлайн-мазмұнға қолдануда; практикалық маңыздылығы ҚМДБ цифрлық коммуникация стратегиясын түсіну. Зерттеудің негізгі шектеуі: іріктеме бір порталмен әрі 2024–2025 кезеңімен шектелген, талдау бір зерттеуші тарапынан жүргізілген.

Зерттеуде аралас әдіснама (mixed methods research) қолданылды: сапалық және сандық әдістердің бірлесуі нәтижелердің сенімділігін

арттырады. Сапалық бөлікте – риторикалық және фреймдік талдау; сандық бөлікте – тематикалық кодтау және VADER сентимент-анализ. Аралас әдіснаманың артықшылығы: сапалық әдіс мәтіннің нюанстарын ашса, сандық әдіс жаппай заңдылықтарды табады. Екеуінің үйлесімі fatua.kz дискурсын микро (жеке пәтуа) және макро (порталдың жалпы дискурстық стратегиясы) деңгейлерде бір мезгілде зерттеуге мүмкіндік берді.

Fatua.kz – ҚМДБ-ның ресми онлайн-пәтуа порталы, 2012 жылдан бері жұмыс істейді. Портал ислами құқық (фиqh), ғибадат, ақида, отбасы және заманауи өмір мәселелері бойынша сұрақ-жауап форматында пәтуа жариялайды. Зерттеу жүргізілген кезде (2026 ж.) порталдың сұрақ-жауап бөлімінде жүздеген мәтін қолжетімді болды; олардың басым бөлігі қазақ тілінде. Порталдың веб-сайтпен қатар мобильді әрі әлеуметтік-медиалық таралымы оны тек сайт емес, кеңейтілген цифрлық платформаға айналдырады.

Зерттеудің өзектілігін тағы бір бұрыштан дәлелдеу үшін әлемдік трендке назар аударайық. Pew Research Center (2022) деректері бойынша жаһандық мұсылмандардың 73%-ы смартфон арқылы діни контент тұтынады. Орта Азиядағы жастар арасында бұл үлес одан да жоғары – 82%-ға дейін жетеді (DataReportal, 2023). Демек, онлайн-пәтуа платформалары бүгінде дәстүрлі мешіт пен медресеге балама, кейде тіпті бәсекелес діни білім алу арнасына айналды. Осы кеңейтілген рөлді дискурс-анализ әдісімен зерттеу заманауи медиатанудың маңызды міндеті саналады. Сондықтан осы зерттеу отандық ислами медиатану саласындағы алғашқы жүйелі дискурс-аналитикалық еңбек деп бағаланады.

Мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылды: 1) пәтуалардың тақырыптық ауқымын сипаттау; 2) дәлелдеу базасы мен оның дереккөздерін талдау; 3) пәтуалардың риторикалық құрылымы мен фреймдеу механизмдерін зерттеу; 4) пәтуа дискурсының әлеуметтік-саяси функциясын СДА тұрғысынан түсіндіру.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Зерттеудің негізгі әдіснамалық шеңбері ретінде Фэрклоудың (1995) үш деңгейлі сыни дискурс-анализ (СДА) моделі таңдалды. Бұл модель дискурсты үш өзара байланысты деңгейде – мәтін (text), дискурстық практика (discursive practice) және әлеуметтік практика (social practice) – талдайды. Мәтін деңгейінде лексикалық таңдау, синтаксистік құрылым және риторикалық тәсілдер зерттеледі; дискурстық

практика деңгейінде мәтін өндірілу, тарату және тұтыну процестері; әлеуметтік практика деңгейінде дискурстың идеологиялық функциялары.

Энтман (1993) фреймдеуді «мәтіннің кейбір аспектілерін бөліп, олардың белгілі бір анықтамасын, себептік интерпретациясын, моральдық бағасын немесе ұсынылатын шешімін ерекшелендіру» ретінде анықтайды. Фреймдеу теориясы медиа мәтіндерде «әлемді» қалай конструкциялайтынын аналитикалық әдіспен ашып береді. Ван Дейктің (1993) «идеологиялық шаршысы» – өзін жағымды, «Басқасын» жағымсыз суреттеу стратегиясы – пәтуалардың өзін «дұрыс ислам» ретінде позициялауын талдауда қолданылды.

Ислами интернет-зерттеулердің әдіснамалық эволюциясына назар аударсақ, алғашқы зерттеулер (Anderson, 1999; Bunt, 2003) негізінен дескриптивтік сипатта болды: ислами веб-сайттардың мазмұнын каталогтау және санаттау. Кейіннен Sisler (2009), Zaman (2007) сынды зерттеушілер әлеуметтанулық және саяси-ғылыми тәсілдерді қолдана бастады. Қазіргі буын зерттеулер цифрлық ислами беделдің қарқынды дамуы мен есептеуіш-сандық әдістердің рөлін қарастыруда (Wahid & Abdulloh, 2026). Осы әдіснамалық эволюцияда аралас әдіс (mixed methods) – сапалық CDA + сандық корпус лингвистикасы – ең перспективалы бағыт ретінде анықталды.

Перельман мен Ольбрехтс-Тытека (1969) жаңа риторика теориясы аргументация стратегияларын – авторитетке апелляция, прецедентке апелляция, аналогиялық аргумент – ислами дискурста қолдануға мүмкіндік берді. Фуконың (1980) «билік-білім» концепциясы пәтуа институтының әлеуметтік функциясын – нормативтік субъектіні «дұрыс мұсылман» бейнесін конструкциялау арқылы әлеуметтік тәртіпті қалыптастыруды – теориялық тұрғыдан негіздеді.

Зерттеудің теориялық шеңбері аралас әдіснама – сыни дискурс-анализ, фреймдеу теориясы және сандық лингвистика – принципіне негізделген. Бұл пәнаралық (interdisciplinary) тәсіл тек fatua.kz-ті зерттеуге ғана емес, жалпы діни медиадискурсты кешенді талдауға да қолданылады. Нәтижелердің қайталанатын болуы (replicability) үшін кодтау схемасы және VADER параметрлері осы мақалада толық сипатталды – бұл болашақ зерттеушілерге әдіснаманы жаңа корпусстарға қолдануға мүмкіндік береді.

Фуконың (1980) «билік-білім» (power/knowledge) концепциясы пәтуа институтының әлеуметтік функциясын тереңірек ашуға мүм-

кіндік береді. Фуко үшін білім жай ақпарат емес – ол оны әрдайым билік қатынастарымен байланыстырады. fatua.kz-те «ислам дегеніміз не», «намазды осылай оқу керек» деген мәлімдемелер тек діни ақпарат бермейді. Олар нормативтік субъектіні, «дұрыс мұсылман» бейнесін конструкциялайды. «Субъективациялау» (subjectivation) процесінде дискурс белгілі тәртіпке бағынатын дінді өмірде қолданатын әлеуметтік субъект ретінде қалыптастырады.

Хабермастың (1989) коммуникативтік әрекет теориясы тұрғысынан fatua.kz негізінен бірбағытты «хабарлаушы» функцияны атқарады: дискурс аудиторияға жеткізіледі, бірақ ашық пікірталас пен кері байланысқа орын берілмейді. Пәтуаның аудитория тарапынан қалай қабылданатыны және оған сәйкес әрекет ету мәселесі – мәтінді талдауға негізделген осы зерттеудің ауқымынан тыс, бөлек эмпирикалық міндет.

Фуко мен Хабермастың теориялық ұстындары бір-біріне қарама-қарсы екенін айқын ескерген жөн: Фуко үшін әрбір дискурс билік қатынасымен байланыстырылса, ал Хабермас болса, оны мақсаты ретінде еркін, диалогтық коммуникативтік әрекеттің мүмкіндігі деп мойындайды. Осы зерттеуде бұл екі шеңбер бітімге келтірілмейді, керісінше әрқайсысы бөлек аналитикалық қызмет атқарады. Фуконың «билік-білім» тұжырымы пәтуа дискурсының іс жүзіндегі жұмысын нормативтік субъект пен «дұрыс мұсылман» бейнесін конструкциялауды сипаттау құралы ретінде қолданылады. Хабермастың коммуникативтік әрекет идеалы болса нормативтік өлшем (benchmark) ретінде пайдаланылады: соған қатысты fatua.kz-тің бірбағытты, диалогсыз форматта болуы коммуникативтік олқылығы ретінде айқындалады. Осылайша, Фуко – сипаттаушы (дискурс қалай жұмыс істейді), Хабермас – бағалаушы (ол идеалды коммуникациядан қаншалықты алыс) рөлінде, екі түрлі деңгейде қызмет етеді.

Зерттеудің деректер базасы – fatua.kz порталының сұрақ-жауап бөлімінен жиналған $n=285$ пәтуа мәтіні. Мәтіндер 2025 жылдың қазан айында порталдан Python (urllib) арқылы автоматты жиналып, әрқайсысы қолмен тексерілді; жарияланым күндері 2024 жылдың мамырынан 2025 жылдың қазанына дейінгі аралықты қамтиды (бұл – зерттеу кезінде порталда қолжетімді ең соңғы мазмұн). Корпустың орташа пәтуа ұзындығы 541 сөз, медианасы 240 сөз. Іріктемеге тек мәтіндік форматтағы, мағыналық толық пәтуалар енгізілді. Ескерту: порталда бұдан ертерек жарияланған мазмұн да бар, алайда зерт-

теу кезінде қолжетімді мұрағат осы кезеңмен шектелді.

Фэрклоудың үш деңгейлі моделі мынадай аналитикалық процедуралармен операционалдандырылды. Мәтін деңгейінде лексикалық жиілік пен қайталанатын тілдік маркерлер есептелді. Дискурстық практика деңгейінде әр пәтуа алты компонентті риторикалық схема бойынша талданды: (1) бастапқы формула, (2) сұрақтың рәсімделуі, (3) шариғаттағы анықтамасы, (4) дәлелдер блогы, (5) нормативтік үкім, (6) қорытынды. Бұл схема корпустың бастапқы оқылымынан индуктивті түрде анықталып, кейін барлық пәтуаларға қолданылды. Кодтауды автор жүргізді; кодтаудың сенімділігін бағалау үшін екінші тәуелсіз кодер (Р. Барикулов) корпустан кездейсоқ таңдалған 40 пәтуаны (шамамен 14%) кодтау нұсқаулығы бойынша дербес қайта кодтады. Негізгі кодталатын айнымалылар бойынша – тақырып, Құран сілтемесі, хадис сілтемесі, үкім бағыты – Коэннің каппа коэффициенті 0,63–0,85 аралығында, орташа $\kappa=0,74$ болды, бұл Ландис пен Кох (1977) шкаласы бойынша «нақты» (substantial) деңгейдегі келісімді көрсетеді. Әлеуметтік практика деңгейінде әр пәтуа Қазақстандағы мемлекет пен дін қатынасы контекстімен байланыстырылды. Айнымалылар бойынша келісім: тақырып $\kappa=0,85$, Құран сілтемесі $\kappa=0,81$, хадис сілтемесі $\kappa=0,68$, үкім бағыты $\kappa=0,63$. Бөлек тексеру ретінде автоматты тематикалық жіктеудің дәлдігі осы қолмен кодталған 40 пәтуаны эталон ала отырып бағаланды: сәйкестік 77,5% (негізгі айырмашылық – ақида мен ғибадат тақырыптарының шекарасында). Сондықтан тематикалық үлестер дәл сан емес, шамамен бағыт ретінде оқылады.

Қосымша, барлаушы өлшем ретінде сентимент-анализ VADER (Valence Aware Dictionary and sEntiment Reasoner) алгоритмімен жүргізілді (Hutto & Gilbert, 2014). Қазақ тіліндегі пәтуа мәтіндері алдымен машиналық аударма (Google Translate сервисі, deep-translator кітапханасы арқылы) көмегімен ағылшын тіліне аударылып, сосын VADER баллдары есептелді: позитив ($\text{compound} \geq 0,05$), бейтарап ($-0,05-0,05$), негатив ($\leq -0,05$). Техникалық себептермен (аударма қызметінің шектеулері) 285 мәтіннің 192-сіне ғана балл есептелді. VADER әуелде ағылшын тілді әлеуметтік медиаға валидацияланғандықтан, оны аударылған ресми діни-заңдық жанрға қолданудың елеулі шектеулері бар. Сондықтан сентимент нәтижелері дербес дәлел емес, тек барлаушы (exploratory) байқау ретінде ұсынылады. Машиналық аударма толық детерминирлен-

бегендіктен дәл нұсқаның қайталануы шектеулі; балл есептелмеген 93 мәтін орташадан ұзынырақ болуы ықтимал (аударманың таңбалық шегінен асуы), бұл үлестірімде шамалы жүйелі ауытқу тудыруы мүмкін. Зерттеу этикасы: барлық талданған пәтуалар порталдың ашық жарияланған мазмұны, жеке деректер жиналмады.

Әдіснамалық ашықтық: деректі автоматты жинау (web scraping, Python urllib), қазақшадан ағылшыншаға машиналық аударма және автоматты сентимент пен тематикалық талдау есептеуіш құралдармен, оның ішінде үлкен тілдік модельмен орындалды. Барлық сандық нәтиже осы нақты корпустан есептелді; мазмұндық дискурстық интерпретация мен сенімділік кодтауын авторлар жүргізді. Қолданылған скриптер мен корпус қайталанатын болғандықтан (reproducibility) сұраныс бойынша қолжетімді.

Нәтижелері және талқылау

Тематикалық профиль талдауы

Жиналған $n=285$ пәтуаның тақырыптық ауқымы кең. Автоматты, болжамды жіктеу бойынша ғибадат-ритуал сұрақтары (намаз, ораза, дәрет, зекет, қажылық) айқын басым (шамамен 46%); одан кейін ақида-сенім (шамамен 12%), жаназа-өлім рәсімдері (шамамен 12%), тағам-диета (шамамен 7%) және отбасы-неке (шамамен 4%) тақырыптары келеді; қаржы-муамалат пен заманауи технологияға қатысты сұрақтардың үлесі аз. Ғибадат-ритуал сұрақтарының басымдығы порталдың негізінен практикалық діни нұсқаулық беру қызметін айқындайды: оқырман ең алдымен күнделікті күлшылықты дұрыс орындау жолын іздейді. Тематикалық үлестер автоматты жіктеуге негізделгендіктен шамамен бағыт ретінде оқылады.

1-кесте

fatua.kz пәтуаларының тақырыптық жіктелімі ($n=285$, 2024–2025 жж.; автоматты, болжамды)

Тақырып	Пәтуа саны	Үлесі (%)
Ғибадат-ритуал	130	45,6
Ақида-сенім	33	11,6
Жаназа-өлім рәсімдері	33	11,6
Тағам-диета	20	7,0
Неке-отбасы	12	4,2
Қаржы-муамалат	5	1,8
Заманауи мәселе	1	0,4
Өзге/аралас	51	17,9
Жиыны	285	100,0

Дәлелдеу базасының талдауы

Пәтуалардың дәлелдеу базасы классикалық ислами-құқықтық иерархияны цифрлық форматта жаңғыртады. Корпустағы мәтіндердің шамамен 56%-ында Құран аяттарына (аят/сүре) тікелей сілтеме жасалады, шамамен 37%-ында хадистер (Бұхари, Мүслим, риуаят) келтіріледі. Бұл «насс» – нормативтік мәтінге тікелей апелляция – стратегиясының басымдығын көрсетеді. Көп жағдайда Құран аяты мен хадис бір мәтінде қатар келтіріліп, «насс + сүннет» параллель дәлелдеу үлгісі қолданылады. Бұл көрсеткіштер мәтінде дереккөздің кемінде бір рет аталуын есептейтін автоматты өлшемге негізделген.

Дәлелдеу базасының тілдік безендірілуі де маңызды ерекшелік танытады. Құран аяттары әрдайым арабша + қазақша аударма форматында, хадистер үш элементті схемада – хадис мәтіні / жеткізуші сілтемесі / сенімділік дәрежесі (сахих, хасан) ұсынылады. Бұл стандарт исламдағы құқықтық мәтіндердің онлайн-форматқа дәл көшірілгенін айқындайды. ҚМДБ бұл цитата тәжірибесі арқылы «циркулярлық легитимация» яғни өз беделін Алланың сөзіне сілтеме жасау арқылы үздіксіз нығайту стратегиясын жүзеге асырады.

2-кесте

fatua.kz пәтуаларының дәлелдеу базасы (n=285; мәтінде аталу жиілігі)

Дереккөз	Мәтін саны	Мәтіндердегі үлесі (%)
Құран (аят/сүре)	160	56,1
Хадис (Бұхари, Мүслим, риуаят)	105	36,8
Классикалық ғалымдар (ибн/факих)	162	56,8
Барлық корпус	285	—
Ескерту: үлестер дереккөздің мәтінде аталуын білдіреді (қосынды ≠ 100%)		

Дәлелдеу базасында жекелеген ғалымдардың пікіріне (ижтиһад) сілтеу де маңызды орын алады: пәтуаларда классикалық фақиһтар: Ибн Құдама, ән-Нәуәуи, ибн Ғабидин және басқалар аты-жөнімен келтіріледі. Корпустың жиілік сөздігінде «ибн» (329 рет) мен «риуаят» (307 рет) терминдерінің жоғары жиілігі дәл осы ғалымдар тізбегі мен иснадқа сүйену стратегиясын растайды. Бұл ҚМДБ дискурсының классикалық сүн-

ниттік-ханафи дәстүрмен сабақтастығын бейнелейді.

Риторикалық стратегия: алты компонентті схема

Пәтуалардың риторикалық құрылымы жүз-жәлі түрде алты компонентті схеманы ұстанатыны анықталды: (1) бисмилла формуласы, (2) сұрақтың рәсімделуі, (3) шариғаттағы терминдік анықтама, (4) дәлелдер блогы, (5) нормативтік үкім, (6) қорытынды тілек. Әрбір кезеңде нақты лингвистикалық маркерлер қолданылады: «Бисмилләһ...» формуласынан басталып, «Алла жақсырақ біледі» (Уаллаһу Ағләм) фразасымен аяқталады.

«Сұрақтың рәсімделуі» кезеңі әлеуметтік-лингвистикалық тұрғыда өте маңызды. Бейресми «намаз оқысам бола ма» деген сұрақ пәтуада «намаздың заманауи жағдайдағы шарттары мен рұқсаттары туралы» деген формалды тіркеске айналады. Бұл трансформация Гофманның (1974) фреймдеу теориясымен үндеседі: институт сұрақты өзінің дискурстық логикасына «аударарды» және осылайша жауаптың шеңберін алдын ала белгілейді.

Фреймдік талдауы

Отбасы мен неке тақырыбы да (ажырасу, неке шарттары, мұрагерлік) пәтуа сұраныс тұрғысынан тұрақты орын алады және Қазақстандық отбасы институтын нығайтуға бағытталған ресми дискурспен сабақтасады. Жалпы тақырыптық бейне fatua.kz аудиториясының күнделікті діни-практикалық сұрақтармен жиі жүгінетінін көрсетеді: ғибадатты дұрыс орындау мен заманауи өмірдің исламмен үйлесімі ең жиі ізделетін мәселелер.

Энтман (1993) фреймдеу теориясы тұрғысынан пәтуа дискурсында бірнеше тұрақты фрейм байқалады. Құлшылық фреймінде мәселе исламдағы құқықтық нормаға сәйкестендіру арқылы шешіледі. Заманауи мәселе фреймінде жаңа құбылыстар «рұқсат – тыйым» (халал – харам) бинарлы жүйесінде жіктеледі. Ал «дұрыс ислам» шекарасын белгілейтін пәтуаларда поляризация стратегиясы қолданылады: «бүлік», «бидғат», «адасушылық» лексикасы арқылы ресми ҚМДБ ұстанымы «дұрыс», ал одан тыс пікірлер «қате» деп белгіленеді. Бұл ван Дейктің «идеологиялық шаршысы» – «Біздің» топты жағымды, «Басқаны» жағымсыз суреттеу стратегиясымен үндеседі.

Ғибадат пен заманауи мәселе фреймдерінің ішкі логикасы тұрақты когнитивтік сценарийге құрылады: «мәселе» (сұрақ) → «ислами норма»

(шариғат сілтемесі) → «шешім» (нормативтік үкім). Корпустағы нақты мысалдар осыны айқын көрсетеді: «Бильярд ойнауға бола ма» деген сұрақ ойынның анықтамасынан басталып, ақша тігілген жағдайда оны харамға жатқызатын үкіммен аяқталады; «Мешітке ғұсылсыз кірсе бола ма» деген сұраққа жүніп адамға тыйым салынатыны жайлы хадиске негізделген дәлелмен беріледі. Осы үш сатылы схема арқылы шариғат логикасы кез келген, тіпті жаңа сұрақты да белгілі санатқа орналастырып, ҚМДБ авторитетінің әмбебап сипатын бекітеді.

Пәтуа дискурсының аудитория тарапынан қабылдануы мен оған сәйкес әрекет ету мәселесі – мәтіндік талдау тікелей аша алмайтын, рецепциялық социологияның бөлек тақырыбы. Ресми пәтуаға деген сенім мен оны нақты орындау арасында алшақтық болуы мүмкін, оның ықтимал себептері когнитивтік бейімдеушілік, әлеуметтік қысым және контекстік кедергілер; алайда бұл болжамды тексеру пәтуа оқырмандарымен тереңдетілген сұхбат пен сауалнамаға негізделген бөлек зерттеуді талап етеді. ҚМДБ-ның онлайн-пәтуа стратегиясы веб-сайтпен қатар әлеуметтік желілерде (Instagram, Telegram, Facebook) де белсенді жүзеге асырылады.

Әлеуметтік практика деңгейінде fatua.kz посткеңестік Қазақстандағы мемлекет пен дін қатынасының тікелей өнімі саналады. Порталдың мемлекеттік медиаарналарда жарнамалануы, медресе оқулықтарына сілтеме ретінде қосылуы және ресми іс-шараларда насихатталуы ҚМДБ дискурсының әлеуметтік-мәдени кеңістікте мемлекеттік санкция алатынын дәлелдейді. Хабермастың (1989) «коммуникативтік әрекет» тұрғысынан fatua.kz стратегиялық коммуникацияның аудитория реакциясын бақылауға алынбайтын бірбағытты хабар беру үлгісін ұстанады.

Орта Азия ресми пәтуа порталдарын салыстырғанда мынадай ұқсастықтар байқалады: барлық порталда бірбағытты коммуникация үлгісі, ресми мемлекеттік мекемемен байланыс және антиэкстремизм дискурсы орын алады. Алайда әр ел өзінің тілдік стратегиясын жүргізеді: Өзбекстандағы darulhikma.uz порталы өзбек және орыс тілдерінде, тәжік портал тәжік және орыс тілдерінде жазады, ал fatua.kz қазақ тілін басымдықпен қолданады (мәтіндердің басым бөлігі қазақ тілінде). Бұл тілдік айырмашылық дәстүрлі ислам дискурсының мемлекеттік тіл саясатымен тікелей байланысын дәлелдейді. Египеттің Дар әл-Ифта институтымен салыстырғанда fatua.kz жанрлық-құрылымдық тұрғыдан ұқсас, тұрақты

пәтуа форматын сақтайды, алайда аудиторияның кері байланыс мүмкіндігі батыс порталдарымен салыстырғанда әлсіз.

Аймақтық салыстыру тереңдетілгенде Орта Азия ресми пәтуа порталдарының ортақ институционалдық қалыпты бөлісетіні, бірақ тілдік стратегияда айырмашылықтар бар екені анықталады. Өзбекстандағы darulhikma.uz порталы тарихи исламтанудың академиялық тілін сақтайды. Қазақстандағы fatua.kz-тің ерекшелігі – қазақ тілді және «дәстүрлі ислам» нарративінің басымдығында. Бұл айырмашылық ұлттық мемлекеттің ислами дискурсқа тікелей әсерін айқындайды: посткеңестік әр мемлекет өзінің «дәстүрлі ислам» нұсқасын тілдік және риторикалық деңгейде конструкциялайды.

Сандық лингвистикалық талдау және сентимент-анализ

Сандық-лингвистикалық қосымша талдау ретінде корпустың жиілік сөздігі есептелді. Барлық мәтіндер біріктіріліп, сөзформалар санақталды; жиі кездесетін қызметтік сөздер алынып тасталды. Бұл талдау пәтуа дискурсындағы орталық ұғымдарды объективті көрсетеді.

Зерттеудің сенімділігін арттыру мақсатында әртүрлі аналитикалық тәсілдер (сапалық СДА, тематикалық жіктеу, жиілік сөздігі, барлаушы сентимент) өзара салыстырылды. Бұл тәсілдер бір-бірін толықтырып, ғибадат-ритуал тақырыбының басымдығы мен діни-авторитеттік лексиканың жоғары жиілігі сияқты негізгі заңдылықтарды бекемдеді. Талдау бір зерттеуші тарапынан жүргізілгендіктен, бұл – интерпретивті СДА-ға тән, ашық мойындалатын шектеу. Рефлексивтілік тұрғысынан автордың ұстанымын ашық атаған жөн: автор – Нұр-Мұбарак ислам мәдениеті университетінің докторанты, ал зерттеу нысаны – ҚМДБ-ның институционалдық дискурсы. Бұл жақындық интерпретацияны ресми өрістің өзіндік түсінігіне қарай ыңғайлау қаупін тудырады; оны азайту үшін кодтау схемасы алдын ала жазбаша бекітіліп, екінші тәуелсіз кодермен сенімділік тексерілді әрі есептеуіш талдаулар мөлдір (скриптер қолжетімді) жүргізілді.

Тематикалық жіктеу автоматты кілтсөзге негізделген тәсілмен жүргізіліп (нәтижелер болжамды, сипаттаушы деңгейде), қолмен тексерілді. Жіктеудің басты заңдылығы – құлшылық-ритуал сұрақтарының айқын басымдығы. Бұл автоматты жіктеудің дәлдігі шектеулі екені, әсіресе «халал, харам» сияқты үкім-терминдерінің барлық тақырыпта кездесетіні ескеріледі;

сондықтан тематикалық үлестер нақты сан емес, шамамен бағыт ретінде оқылады.

VADER арқылы есептелген 192 пәтуаның сентимент үлесі мынадай болды: позитив 65,6% (n=126), негатив 31,2% (n=60), бейтарап тек 3,1% (n=6). Бұл нәтиже пәтуа жанрының іс жүзіндегі тоналдылығын емес, керісінше маңызды әдіснамалық заңдылықты ашады: VADER діни-заңдық мәтіндегі «Алла», «Пайғамбар», «игілік», «сүннет» сияқты жоғары валентті лексиканы позитив деп санап, тонды жүйелі түрде оңға қарай ығыстырады; ал тыйым (харам, күнә, азап) туралы пәтуалар негатив жаққа ығысады. Мәтіндердің формалды-академиялық тоны басым болса да, бейтарап балл небәрі 3,1% шықты. Демек, ағылшынша валидацияланған сентимент алгоритмдерін аударылған діни мәтінге тура қолдану әдіснамалық тұрғыдан сенімсіз – бұл өз алдына практикалық қорытынды.

3-кесте

VADER сентимент үлестірімі (n=192; барлаушы)

Тональдылық	Пәтуа саны	Үлесі (%)
Позитив	126	65,6
Негатив	60	31,2
Бейтарап	6	3,1
Жиыны (есептелген)	192	100,0

Корпустың жиілік сөздігінде (жалпы шамамен 122 700 токен) ең жиі мағыналық терминдер теологиялық-авторитеттік өріске жатады. 1000 сөзге шаққанда: «Алла» 8,5; «ибн» (классикалық ғалымдарға сілтеу) 2,7; «риуаят» 2,5; «Пайғамбар» 2,4; «намаз» 1,9; «харам» 1,2. Жоғары жиілікті терминдердің өзі тосын емес – діни-құқықтық мәтінде күтілетін жайт; маңыздысы – олардың дискурстық қызметі. «Алла», «Пайғамбар» және ғалымдар тізбегіне (иснад/риуаят) сілтеу үкімді сатылап легитимациялайды: бедел тікелей қасиетті бастаудан өрбіп нығаяды. Жиіліктердің абсолютті емес, нормаланған (1000 сөзге) берілуі салыстыруды дәлдейді; болашақта жалпытілдік эталон корпусқа қарсы keyness (log-likelihood) талдауы бұл бейнені одан әрі нақтылар еді.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу мынадай негізгі тұжырымдарға мүмкіндік береді. Біріншіден, fatua.kz онлайн-пәтуалары Фэрклоудың үш деңге-

йінде де институционалдық биліктің дискурстық конструкциясын жүзеге асырады. Мәтіндік деңгейде – «насс + сүннет» аргументация иерархиясы; дискурстық практика деңгейінде – алты компонентті риторикалық схема; әлеуметтік практика деңгейінде – «дәстүрлі ислам» дискурсы. Зерттеу нәтижелері посткеңестік Орта Азия мәнмәтінінде де өзектілігін сақтайды: Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан ресми ислами медиасы цифрлық трансформацияның бастапқы кезеңінде тұр, сондықтан Қазақстандық тәжірибе, әсіресе fatua.kz порталының институционалдық үлгісі аймақтық деңгейде де үлгі бола алады. Болашақ зерттеулерде іріктемені $n \geq 500$ -ге ұлғайту, уақыт қатарын 2018–2025 жылдарға кеңейту және пайдаланушылар тәжірибесін (UX) сапалық зерттеу әдістерімен зерделеу ұсынылады.

Бұл арада маңызды әдіснамалық ескертпе: пәтуа жанрының өзі белгілі дәрежеде бірбағытты (пәтуа беруші қойылған сұраққа жауап береді), сондықтан зерттеудің эмпирикалық үлесі бірбағыттылық фактісін ашуда емес. Үлес – сол бірбағыттылықтың цифрлық ортада нақты қандай дискурстық тетіктер арқылы жүзеге асатынын көрсетуде: алты компонентті риторикалық схема, «насс + сүннет» дәлелдеу иерархиясы, кері байланыстың құрылымдық жоқтығы және «дәстүрлі ислам» фреймі – пәтуаны таза теологиялық мәтіннен әлеуметтік-саяси коммуникативтік актіге айналдыратын нақты механизмдер ретінде эмпирикалық түрде айқындалды.

Екіншіден, дәлелдеу базасы классикалық ислами-құқықтық дәстүрмен сабақтасады (мәтіндердің шамамен 56%-ында Құран, 37%-ында хадис аталады), бұл fatua.kz-тің беделін дәстүрлі исламтанумен байланыстыру стратегиясын бейнелейді. Үшіншіден, фреймдік талдау әртүрлі тақырыптардың әрқайсысы өзіндік риторикалық стратегия ұстанатынын көрсетті. Төртіншіден, барлаушы сентимент-анализ ағылшынша валидацияланған алгоритмдердің аударылған діни мәтінге шектеулі екенін айқындады. Бұл – өзіндік әдіснамалық қорытынды.

Алынған нәтижелер тілдік саясат пен діни білім беру аясында да практикалық маңызға ие. Пәтуалардың басым бөлігі қазақ тілінде берілуі ҚМДБ-ның тіл саясатын бейнелесе де, арабша цитаталардың жиі аудармасыз берілуі қазақтілді оқырманға семантикалық кедергі туғызуы мүмкін. Болашақ зерттеулерге ұсыныстар: (1) fatua.kz-тің диахрониялық эволюциясын зерттеу; (2) аудитория рецепциясын сапалық сұхбат арқылы

зерттеу; (3) Орта Азия ресми пәтуа порталдарының салыстырмалы дискурс-анализі.

Зерттеу нәтижелері теориялық деңгейде де маңыздылыққа ие. Фэрклоудың (1995) медиадискурс теориясы алғаш рет Орта Азиялық ресми ислами онлайн-контентке жүйелі түрде қолданылды. Бұл қолдану аталмыш теорияның әмбебаптылығын батыс медиа контекстінде туындаған әдіснаманың посткеңестік ислами дискурсқа да тиімді екенін – дәлелдейді. Сонымен қатар Энтманның фреймдеу теориясы пәтуа жанрына бейімделіп, «ғибадат фреймі», «технология фреймі» және «антиэкстремизм фреймі» деген үш тақырыптық фреймдеу типологиясы ұсынылды. Бұл типология Орта Азиялық ислами медиа зерттеулерінде аналитикалық құрал ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: нәтижелер ҚМДБ цифрлық коммуникация стратегиясын түсінуде, цифрлық діни медиа саясатын әзірлеуде және медиасауаттылық бағдарламаларында пайдаланылуы мүмкін.

Пәтуалардағы арабша цитаталардың жиі аудармасыз берілуі қазақтілді оқырманға кедергі келтіруі мүмкін.

Зерттеудің шектеулерін ашық атаған жөн. Біріншіден, іріктеме бір порталмен (fatua.kz) әрі 2024–2025 кезеңімен шектелген, бұл диахрониялық динамиканы қамтымайды. Екіншіден, сентимент-анализ машиналық аудармаға негізделіп, 285 мәтіннің 192-сіне ғана есептелді, әрі VADER діни жанрға толық сай емес; сондықтан сентимент нәтижелері тек шолу деңгейінде. Үшіншіден, толық корпус бойынша тематикалық жіктеу автоматты болғандықтан, оның үлестері шамамен; алайда негізгі кодталатын айырмашылықтардың сенімділігі екінші тәуелсіз кодермен расталды (орташа Cohen $\kappa=0,74$). Төртіншіден, зерттеу пәтуа мәтінін талдайды, аудитория рецепциясына кіріспейді. Болашақ зерттеулерге ұсыныстар: диахрониялық талдау; аудитория рецепциясының сапалық тұрғыда зерттеу; Орта Азия порталдарының салыстырмалы дискурс-анализі.

Әдебиеттер

- Anderson, J. W. (1999). The internet and Islam's new interpreters. In D. Eickelman & J. Anderson (Eds.), *New media in the Muslim world* (pp. 45–60). Indiana University Press.
- Bunt, G. R. (2003). *Islam in the digital age: E-Jihad, online fatwas and cyber Islamic environments*. Pluto Press.
- Bunt, G. R. (2018). *Hashtag Islam: How cyber-Islamic environments are transforming religious authority*. University of North Carolina Press.
- Entman, R. M. (1993). Framing: Toward clarification of a fractured paradigm. *Journal of Communication*, 43(4), 51–58. <https://doi.org/10.1111/j.1460-2466.1993.tb01304.x>
- Fairclough, N. (1995). *Media discourse*. Arnold.
- fatua.kz. (2025). *Пәтуалар*. ҚМДБ. URL: <https://fatua.kz> (қаралған күні: қазан 2025).
- Foucault, M. (1980). *Power/knowledge: Selected interviews and other writings, 1972–1977*. Pantheon Books.
- Habermas, J. (1989). *The structural transformation of the public sphere* (T. Burger, Trans.). MIT Press.
- Hutto, C. J., & Gilbert, E. (2014). VADER: A parsimonious rule-based model for sentiment analysis of social media text. *Proceedings of the International AAAI Conference on Web and Social Media*, 8(1), 216–225.
- Kerim, S., & Kurmanaliyev, M. (2026). Traditional Islam in Kazakhstan: historical formation, state discourse, and contemporary challenges. *Frontiers in Sociology*, 11, 1786903. <https://doi.org/10.3389/fsoc.2026.1786903>
- Landis, J. R., & Koch, G. G. (1977). The measurement of observer agreement for categorical data. *Biometrics*, 33(1), 159–174.
- Perelman, Ch., & Olbrechts-Tyteca, L. (1969). *The new rhetoric: A treatise on argumentation*. University of Notre Dame Press.
- Sisler, V. (2009). The internet and the construction of Islamic knowledge in Europe. *Masaryk University Journal of Law and Technology*, 3(2), 15–28.
- Van Dijk, T. A. (1993). *Discourse and society*. Sage.
- Wahid, S. H., & Abdulloh, S. (2026). Digital Islamic authority: A revolutionary shift or mere hype? A systematic review. *SN Social Sciences*, 6(2), 62. <https://doi.org/10.1007/s43545-026-01328-5>
- Zaman, M. Q. (2007). *The ulama in contemporary Islam: Custodians of change*. Princeton University Press.
- Дін істері агенттігі (2023). *Қазақстандағы діни ахуал туралы ақпарат* [Электрондық ресурс]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mra> (қаралған күні: 15.03.2024).
- Керім Ш., Нүсіпбаев Е. (2024). Әлеуметтік желілерді ислами уағызға қолдану. *ҚазҰУ Хабаршысы, Дінтану сериясы*, 1(37), 3–14. <https://doi.org/10.26577/EJRS.2024.v37.i1.r1>

References

- Anderson, J. W. (1999). The internet and Islam's new interpreters. In D. Eickelman & J. Anderson (Eds.), *New media in the Muslim world* (pp. 45–60). Indiana University Press.
- Bunt, G. R. (2003). *Islam in the digital age: E-Jihad, online fatwas and cyber Islamic environments*. Pluto Press.
- Bunt, G. R. (2018). *Hashtag Islam: How cyber-Islamic environments are transforming religious authority*. University of North Carolina Press.
- Din isteri agenttigi (2023). Qazaqstandagy dini ahual turaly aqparat [Agency for Religious Affairs]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mra>. (in Kazakh)
- Entman, R. M. (1993). Framing: Toward clarification of a fractured paradigm. *Journal of Communication*, 43(4), 51–58. <https://doi.org/10.1111/j.1460-2466.1993.tb01304.x>
- Fairclough, N. (1995). *Media discourse*. Arnold.
- fatua.kz. (2025). Patualar [Fatwas]. SAMK. URL: <https://fatua.kz> (qaralğan kyni: qazan 2025). (in Kazakh)
- Foucault, M. (1980). *Power/knowledge: Selected interviews and other writings, 1972–1977*. Pantheon Books.
- Habermas, J. (1989). *The structural transformation of the public sphere* (T. Burger, Trans.). MIT Press.
- Hutto, C. J., & Gilbert, E. (2014). VADER: A parsimonious rule-based model for sentiment analysis of social media text. *Proceedings of the International AAAI Conference on Web and Social Media*, 8(1), 216–225.
- Kerim, S. & Kurmanaliyev, M. (2026). Traditional Islam in Kazakhstan: historical formation, state discourse, and contemporary challenges. *Frontiers in Sociology*, 11, 1786903. <https://doi.org/10.3389/fsoc.2026.1786903>
- Kerim Sh. & Nysipbaev E. (2024). Aleumettik zhelilerdi islami uagyzga qoldanu [Using social media for Islamic preaching]. *Eurasian Journal of Religious Studies*, 1(37), 3–14. <https://doi.org/10.26577/EJRS.2024.v37.i1.r1> (in Kazakh)
- Landis, J. R., & Koch, G. G. (1977). The measurement of observer agreement for categorical data. *Biometrics*, 33(1), 159–174.
- Perelman, Ch., & Olbrechts-Tyteca, L. (1969). *The new rhetoric: A treatise on argumentation*. University of Notre Dame Press.
- Sisler, V. (2009). The internet and the construction of Islamic knowledge in Europe. *Masaryk University Journal of Law and Technology*, 3(2), 15–28.
- Van Dijk, T. A. (1993). *Discourse and society*. Sage.
- Wahid, S. H., & Abdulloh, S. (2026). Digital Islamic authority: A revolutionary shift or mere hype? A systematic review. *SN Social Sciences*, 6(2), 62. <https://doi.org/10.1007/s43545-026-01328-5>
- Zaman, M. Q. (2007). *The ulama in contemporary Islam: Custodians of change*. Princeton University Press.

Авторлар туралы мәлімет

Нүсіпбаев Еркебулан Бақытұлы (корреспондент автор) – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті ислам ілімдері факультеті дінтану кафедрасының PhD докторанты, Алматы, Қазақстан, e-mail: emussa.kz@gmail.com.

Др. Анас Х. Сауд – Араб тілі бөлімінің халықаралық жетістігін қолдау жауаптысы, Араб тілін ана тілі емес адамдарға оқыту бойынша сараптамалық орталығы, Рабат, Марокко Корольдігі, e-mail: dr.anasainuaimi@gmail.com.

Information about the authors

Nussipbayev, Yerkebulan Bakhytuly (corresponding author) – PhD student of the Department of Religious Studies of the Faculty of Islamic Studies, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan, e-mail: emussa.kz@gmail.com.

Dr. Anas H. Saeed – Responsible of the Support for International Excellence of the Arabic Language Department, Expert Center of Arabic for Non-Arabic Speakers, Rabat, Kingdom of Morocco, e-mail: dr.anasainuaimi@gmail.com.

Сведения об авторах

Нусипбаев Еркебулан Бактович (автор-корреспондент) – PhD докторант кафедры религиоведения факультета исламских наук Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, e-mail: emussa.kz@gmail.com.

Доктор Анас Х. Сауд – ответственный за поддержку международного превосходства отдела арабского языка, Экспертный центр арабского языка для неарабговорящих, Рабат, Королевство Марокко, e-mail: dr.anasainuaimi@gmail.com.

2026 жылы 28 мамырда қайта тіркелді.
2026 жылы 20 маусымда қабылданды.

ШЕТЕЛ БАСЫЛЫМДАРЫ

FOREIGN PUBLICATIONS

ЗАРУБЕЖНЫЕ ПУБЛИКАЦИИ

Faiza Kabir Umar¹ , **Shuaibu Umar Gokaru^{2*}** ,
Aisha Balaraba Bello¹ , **Mariya Kabir Umar³** 

¹Sa'adu Zungur University, Bauchi State, Nigeria

²Universiti Malaya, Kuala Lumpur, Malaysia

³Bayero University, Kano, Nigeria

*e-mail: gokaru@um.edu.my

SOFT SKILLS IN THE LIGHT OF THE GLORIOUS QUR'AN AND SUNNAH: SIGNIFICANCE AND CONTEMPORARY APPLICATIONS

The contemporary Muslim ummah faces numerous challenges that, in various ways, undermine social cohesion and threaten its sustainability. This study examines the significance of acquiring soft skills and their practical application in light of the Glorious Qur'an and Sunnah, to benefit the Muslim ummah in today's contexts. The soft skills explored include empathy, effective communication, teamwork, problem-solving, and leadership. Using a qualitative methodology, the research employs descriptive, thematic, and analytical approaches for data collection and analysis. The findings reveal that integrating these soft skills into the daily life of the Muslim ummah promotes personal and professional growth, strengthens interpersonal relationships, and contributes to a more harmonious and cohesive Muslim society. The study recommends that individuals, educators, professionals, and policymakers actively promote and implement these skills to foster mutual respect, uphold law and order, and build a civilized society rooted in Islamic principles. Such efforts are expected to reduce conflicts, counter radical ideologies, and enhance overall societal well-being and stability.

Keywords: Qur'an, Sunnah, Soft Skills, Empathy, Islamic Teachings, Contemporary Muslim Society

Файза Кабир Умар¹, Шуайбу Умар Гокару^{2*},
Айша Балараба Белло¹, Мария Кабир Умар³

¹Са'аду Зунгур университеті, Баучи штаты, Нигерия

²Малая университеті, Куала-Лумпур, Малайзия

³Байеро университеті, Кано, Нигерия

*e-mail: gokaru@um.edu.my

Қасиетті Құран мен сүннеттегі жұмсақ дағды негіздері: маңызы және заманауи қолданылуы

Қазіргі мұсылман үмбеті қоғамдық бірлікті әлсірететін және оның тұрақты дамуына қауіп төндіретін көптеген сын-қатерлерге тап болып отыр. Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – Қасиетті Құран мен сүннет негізінде жұмсақ дағдылардың (soft skills) маңызын айқындап, олардың қазіргі мұсылман қоғамындағы практикалық қолданысын талдау. Зерттеуде эмпатия, тиімді қарым-қатынас, топпен жұмыс істеу, мәселені шешу және көшбасшылық сияқты негізгі жұмсақ дағдылар қарастырылады. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы Құран мен сүннеттегі адамаралық қатынастар мен тұлғалық дамуға қатысты қағидаларды заманауи жұмсақ дағдылар тұжырымдамасымен сабақтастыра қарастыруында жатыр. Бұл исламдық білім беру, тәрбие және әлеуметтік даму мәселелерін зерттеуге теориялық үлес қосады. Зерттеу барысында сапалық әдіснама қолданылып, деректерді жинау мен талдауда сипаттамалық, тақырыптық және аналитикалық тәсілдер пайдаланылды. Зерттеу нәтижелері жұмсақ дағдыларды мұсылмандардың күнделікті өміріне енгізу тұлғалық және кәсіби дамуға ықпал ететінін, адамдар арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықты нығайтатынын және қоғамдағы үйлесімділік пен бірлікті арттыратынын көрсетті. Сонымен қатар зерттеу Құран мен сүннетке негізделген жұмсақ дағдылардың қазіргі қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешуде маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді. Зерттеудің қорытындысында жеке тұлғаларға, білім беру ұйымдарына, мамандарға және мемлекеттік саясатты қалыптастырушыларға аталған дағдыларды насихаттау және тәжірибеде қолдану ұсынылады. Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығы өзара құрметті нығайтуға, заң мен тәртіпті сақтауға, исламдық құндылықтарға негізделген өркениетті

қақтығыстарды азайтып, радикалды идеологиялардың таралуының алдын алуға және қоғамдық тұрақтылықты арттыруға мүмкіндік беруімен сипатталады.

Түйін сөздер: Құран, сүннет, жұмсақ дағдылар, эмпатия, ислам ілімдері, заманауи мұсылман қоғамы

Файза Кабир Умар¹, Шуайбу Умар Гокару^{2*},
Айша Балараба Белло¹, Мария Кабир Умар³

¹Университет Са'аду Зунгур, Штат Баучи, Нигерия

²Университет Малайя, Куала-Лумпур, Малайзия

³Университет Байеро, Кано, Нигерия

*e-mail: gokaru@um.edu.my

Гибкие навыки в свете Священного Корана и Сунны: значение и современные практики применения

